



Көрсетілме ерекше ұйымшылдықпен атсалысты

2




Баспаналы болуға асығыңыз!

5



Жаңа аудан жанданып келеді

6



Бизнесті бамперден бастады

8



Сыр бойы



№131 (19809)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyikz

3 қыркүйек / СЕЙСЕНБІ / 2019 жыл

ЖОЛДАУ ЖӘНЕ ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ

СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗІ



Кеше Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына Жолдауын жариялап, еліміздің алдағы дамуына қатысты ой-тұжырымдарын айқындап көрсетті. Мемлекет басшысы мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру, азаматтардың құқықтарын, еркіндіктері мен қауіпсіздігін қамта-

масыз ету, дамыған және инклюзивті экономиканы қалыптастыру, халықты әлеуметтік қамту саласын жаңғырту, сондай-ақ өңірлердің әлеуетін нығайтуға бағытталған бірқатар бастамаларын ұсынды. Президенттің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауының толық мәтіні ұсынылып отыр.

«Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет».

Біз бұл мақсатқа әлі де жете қойған жоқпыз. Сондықтан осы бағыттағы жұмысқа бар күш-жігерімізді салуымыз қажет.

Саяси жүйенің бұл формуласы мемлекет тұрақтылығының негізі саналады.

Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бірімізге ортақ міндет.

Билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болады. Сондықтан азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлеуетін нығайта түсу керек. Сондай-ақ, аса маңызды жалпы мемлекеттік міндеттерді шешу үшін талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кеңінен қолдану қажет.

Осы мақсатпен біз белгілі қоғам өкілдерін қамтитын Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құрдық. Бұл кеңес ротациялық тәртіппен жұмыс істейді. Алдағы уақытта бізге мынадай шараларды жүзеге асыру керек.

Бірінші. Партия құрылысы үдерісін жалғастыру.

Көшбасшымыз және партия Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арқасында «Nur Otan» партиясы еліміздің жетекші саяси

ұйымына жүктелетін күрделі әрі жауапты міндеттерді дәйекті түрде іске асырып келеді.

Біз қоғам игілігі үшін сындарлы саясат жүргізіп келе жатқан басқа да саяси партиялармен және қозғалыстармен ынтымақтастықта жұмыс істеуіміз қажет.

Қоғамды толғандырып отырған негізгі мәселелер көшеде емес, Парламентте және азаматтық диалог аясында талқылануы, шешімін табуы тиіс.

Депутаттар Үкіметке өзекті мәселелерге қатысты сауалдарын жолдап, нақты шаралар қабылдауды талап ете отырып, өздеріне берілген заңды құқықтарын пайдалануы қажет.

Заң шығарушы және атқарушы билік арасындағы қарым-қатынас жаңадан тарихқа емес, іскерлік сипатқа, өзара құрметке негізделуі тиіс.

Мемлекет басшысы ретінде елімізде көппартиялық, саяси бәсекелестікті және ой-пікірдің сан алуандығын дамытуға ықпал етуді өз міндеті деп санаймын.

Бұл саяси жүйе тұрақтылығының ұзақ болуы үшін маңызды. Алдағы Парламент Жөкілісі мен мәслихаттар сайлауы еліміздегі көппартиялық жүйенің дамуына оң ықпал етуі тиіс.

Екінші. Халықпен тиімді кері байланыс орнату.

Қоғамдық диалог, ашықтық, адамдардың мұң-мұқтажына жедел назар аудару мемлекеттік органдар қызме-

тінің негізгі басымдықтары саналады. Президент Әкімшілігінде азаматтардан келіп түскен өтініштерді мемлекеттік органдардың сапалы қарауын қадағалап, жедел шаралар қабылдайтын бөлім құрылды.

Көп жағдайда азаматтарымыз орталық және жергілікті органдар мен «Бейкамдығына» байланысты Президентке жүгінуге мәжбүр болады.

Белгілі бір саладағы шешімдердің әділетсіздігіне қатысты жолданып келетін шағымдар нақты мемлекеттік органдарға немесе аймақта күрделі түйткілдер бар екенін көрсетеді. Енді бұл мәселеге дәл осы тұрғыдан қарап, тиісті шешімдер қабылдаған жөн.

Мемлекеттік қызметшілер жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында арнайы дайындығы бар жас кадрларды тарту қажет. Сонымен бірге 2020 жылдан бастап біз мемлекеттік қызметшілердің санын біртіндеп қысқартуға кірісіп, үнемделген қаражатты неғұрлым пайдалы қызметкерлерді ынталандыруға жұмсаймыз.

2024 жылға қарай мемлекеттік қызметшілердің және ұлттық компаниялар қызметкерлерінің санын 25 пайызға қысқарту қажет.

Үшінші. Митингтер туралы заңнаманы жетілдіру.

Конституцияға сәйкес азаматтарымыздың өз ойын еркін айтуға құқығы бар.

2,3,4-беттерде.

Құрметті отандастар! Құрметті депутаттар, үкімет мүшелері!

Баршаныңды жаңа парламенттік маусымның басталуымен құттықтаймын!

Біз еліміздің жаңа тарихындағы маңызды белеске жақындап келеміз. Отыз жылға жуық уақыт бұрын халқымыз өзінің Тәуелсіздігін жариялап, бабаларымыздың асырлар бойы аңсаған арманын орындады.

Осы уақыт ішінде Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен еліміз әлемдегі беделді әрі орнықты мемлекетке айналды.

Баянды бірлігіміздің арқасында тәуелсіздігімізді нығайтып, халқымыздың жағдайын жақсартуға жол аштық.

Бұл жасампаздық пен ілгерілеу, бейбітшілік пен келісім кезеңі болды.

Еліміздің даму жолын бүкіл әлем мойындап, Қазақстандық, яғни Назарбаев моделі деп атады.

Қазір бізге Тәуелсіздіктің жетіктіктерін еселеп, елімізді дамудың жаңа сапалы кезеңіне шығару мүмкіндігі беріліп отыр.

Біз бұған Елбасы саясатының сабақтастығын сақтап, жүйелі реформалар жүргізу арқылы қол жеткізе аламыз.

Өздеріңізге белгілі, осының бәрі менің сайлау алдындағы бағдарламама негіз болды.

Қазір мемлекеттік органдар оны жүзеге асыру үшін тиісті жұмыстар жүргізуде.

Мен халыққа берген уәдelerімді міндетті түрде орындаймын. Біз өз жұмысымызда Елбасы ұсынған Бес институционалды реформалар мен Ұлт Жоспарын толыққанды жүзеге асыру қажеттігін басты назарда ұстауымыз керек.

Елбасымыздың бастамасымен құрылған Жаңғырту жөніндегі Ұлттық комиссияның жұмысын қайта жандандыру қажет.

Енді ортақ міндеттерімізді және сайлауалды бағдарламамыз іске

асыруға қатысты ой-пікірлеріме тоқталайын.

I. ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ТИІМДІ МЕМЛЕКЕТ

Мен уәде еткен саяси жаңғыру үдерісі азаматтарымыз бен мемлекетіміздің мүдделеріне сәйкес, біртіндеп үздіксіз жүзеге асырылатын болады.

Негізсіз, жүйесіз саяси ырықтандыру елдің ішкі саяси ахуалының тұрақсыздығына, тіпті мемлекеттіліктен айырылуға әкеліп соғатынын әлем елдерінің тәжірибесінен көріп отырмыз.

Сондықтан біз саяси реформаларды «асығыстыққа салынбай», керісінше, кезең-кезеңімен, табанды түрде және жан-жақты ойластырып жүзеге асыратын боламыз.

Еліміздің қоғамдық-саяси өмірін жаңғыртпай, табысты экономикалық реформаларды іске асыру мүмкін емес. Бұл – біздің ұстанатын басты қағидатымыз.

Екі автокөлік табысталды

ҚР Конституциясы және Білім күні қарсаңында облыс әкімі Қуанышбек Ысқаков Жалантос баһадүр атындағы спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернат-колледжінде болып, оқу ордасының ұжымымен және студенттермен кездесті. Білім ошағы биыл күрделі жөндеуден өткізілген болатын. Сонымен қатар, №3 велоспорт жөніндегі олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебіне екі автокөлікті сыйға тартты.

Дәулет ҚЫРДАН.

Мектеп-интернат өзінің өсу-өркендеу жолында бүгінгі тәуелсіз елдің белгілі спортшыларын оқытатын, тәрбиелейтін колледж дәрежесіне дейін көтерілді. Оқу ордасынан есімдері елге танымал Әлем, Азия чемпионы мен Олимпиада жүлдегерлері түлеп шыққаны бәріміздің көз алдымызда. Мәселен, ауыр атлетикадан Олимпиада ойындарының қола жүлдегері Александр Зайчиков, Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Алмас Өтешов, еркін күрестен 3 дүркін

Азия чемпионы Дәулет Ниязбеков, дзюдодан жасөспірімдер Олимпиада ойындарының чемпионы, тұңғыш Әлем чемпионы Бауыржан Жауынтаев, еркін күрестен Олимпиада ойындарының қатысушысы Ғалымжан Өсербаев, ауыр атлетикадан Әлем чемпионатының қатысушысы Қуаныш Рахатов сынды Алаштың айыбын асырған спортшылар алғашқы жетістіктеріне осы шаңырақта қол жеткізіп, биік шыңдарға құлаш сермеді. Осындай түлектері бар мектеп-интернат-кол-



Суретті түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ.

ледж студенттері өткен оқу жылында республика чемпионаттарында 111 медаль иеленді. Биыл Қазақстан Республикасының 5 спорт шебері, 40 спорт шеберлігіне үміткер дайындалып, ұлттық құрама сапына 32 оқушы енді, – деді облыс әкімі.

Айта кетейік, биыл Қазақстан Республикасының IX жазғы мектеп және колледж оқушылары арасындағы спартакиадада мектеп-интернат-колледж оқушылары 57 медальға қол жеткізді. Ал өткен жылы Аргентинаның Буэнос-Айрес қаласында өткен III жазғы жасөспірімдер Олимпиада ойындарында колледж студенті Диас Бахрадин байдарка және каноэде есуден алтыннан алқа таққан. Одан бөлек, Лас-Вегаста өткен жасөспірімдер арасында ауыр атлетикадан Есенгелді Сапи мен Рахат Бекболат әлемді бағындырған еді.

Салтанатты шарда облыс әкімі №3 велоспорт жөніндегі олимпиадалық резервтің мамандандырылған бала-

лар-жасөспірімдер мектебіне екі автокөлік келтіп тарту етті.

– Қазір облыс басшылығы тарапынан бізге барлық жағдай жасалған. Бүгінгі сыйға берілген автокөліктер соның бір дәлелі ғана. Тоғыз жаттықтырушымыз бар. Республикалық, әлемдік долларға қосқан шәкірттеріміз олжа салып жүр. Қазір 240 бала тәрбиелеп жатырмыз, – деді аталған мектеп директоры Александр Ильин.

Аймақ басшысы нысанның күрделі жөндеуден өткізілгеннен кейінгі жаңаша кейпін аралап көріп, оң баға берді. Мұнда қазір «Спорт жаттықтырушысы-оқытушы» мамандығы бойынша 40 студент білім алумен қатар спорттық шеберліктерін шыңдау үстінде. Оқушыларға қолайлы жағдай жасау мақсатында мектеп-интернат-колледждің жатақхана, асхана, оқу орталығы мен әкімшілік бөліміне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген болатын.

СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ

Егер бейбіт акциялар заңның шеңберінен шықпайтын және азаматтарымыздың тыныштығын бұзбайтын болса, бұған түсіністіктен қарап, жиналуды өткізу үшін арнайы орын бөлу қажет. Мұндай орындар қалаң шетінде болмауы тиіс.

Алайда, заңға қайшы және бұзақылық әрекеттерге шақыратын үндеулерге заң шеңберінде тосқауыл қойылады.

Төртінші. Қоғамдық келісімді нығайту.

Әлеуметтік және этникалық топтар арасындағы келісім – бүкіл қоғамның бірлескен еңбегінің нәтижесі.

Осыған орай, саяси үрдістерді саралап, бірлігімізді нығайта түсу үшін нақты шаралар қабылдау керек.

Қазақ халқының мемлекет құраушы ұлт ретіндегі ролін бекемдеп, этносаралық татулық пен дінаралық түсіністікті қалыптастыра беріміз қажет.

Біздің ұстанымымыз: «Ел бірлігі – оның арлуандығында!».

Еліміздегі этникалық топтардың тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай жасай береміз.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін.

Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз дағдыға жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек.

Сондай-ақ, тіл үлкен саясаттың құрамы екенін де ұмытпаған жөн.

Белсенді азаматтық қоғам құру үшін үкіметтік емес ұйымдардың беделін арттыру қажет деп санаймын.

Сондықтан, жақын арада Азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын әзірлеп, қабылдауымыз керек.

Келер жылы аталып өтетін маңызды мерейтойлар мен елеулі оқиғаларға дайындық жұмыстары басталды.

Ендігі жылы бәріміз Әл-Фарабидің 1150 жылдық, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойларын атап өтеміз.

Мерейтой барысында ысырап-шығындыққа жол бермей, құлама тұлғаларымыздың еңбектерін халық арасында дәріптеуіміз керек.

Сондай-ақ, ең маңызды мерекеге – Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты тиісті іс-шараларды іске асыруымыз қажет.

Ел өміріндегі осындай елеулі оқиғалар жас ұрпақты нағыз отаншылдыққа тәрбиелеуге жол ашады деп сенемін.

II. АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН КАУПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Сот және құқық қорғау жүйесіндегі күрделі реформалар – азаматтарымыздың құқықтарын қорғауды және олардың қауіпсіздігін күшейтудің негізгі факторы.

Сот шешімдерінің сапасын арттыру үшін бірқатар маңызды шараларды жүзеге асыру қажет.

Судьялардың заңды және ішкі сенімді басшылыққа алып, шешім шығару құқығы мызғымас сипатқа ие.

Дегенмен, сот шешімдерін мұқият талдау жұмысын жолға қойып, бірінші сот тәжірибесін орнықтыру қажет.

Азаматтарымыз жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде көп жағдайда теңсіздік ахуалында қалып жатады.

Олардың мүмкіндіктерін мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстыруға келмейді.

Сондықтан осындай теңсіздіктерді болдырмау мақсатында дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде әкімшілік әділет құрылымын енгізу қажет.

Бұдан былай дауларды шешу барысында сот қосымша айғақтар жинау бастамасын көтеруге құқылы.

Аталған дәлелдемелерді жинақтау міндеті жеке азаматқа немесе бизнеске



емес, мемлекеттік органға жүктелетін болады.

Заңнамадағы барлық қарама-қайшылықтар мен дүдәмал тұстар азаматтардың мүдделерін ескере отырып, түсіндірілуі тиіс.

Келесі бір маңызды мәселеге тоқталайық.

Біз шамадан тыс қудалау шаралары мен сот төрелігінің қатан жазалау тәжірибесінен бас тартып, Алайда, елімізде ауыр қылмыстардың саны азаймай тұр.

Біз заңнамамызды ізгілендіру ісіне көбірек мән беріп, азаматтардың негізгі құқықтарын назардан тыс қалдырдық.

Жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі тарату, адам саудасы, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық және басқа да ауыр қылмыстарға, әсіресе, балаларға қатысты қылмыстарға қолданылатын жазаны шұғыл түрде қатайту қажет.

Бұл мәселені шешуді Парламентке және Үкіметке тапсырамын.

Соңғы уақытта болған қайғылы оқиғалар ұйымдасқан қылмыстың тағы бір түрі – браконьерлік проблемасының бетпердесін ашты.

Бүгінде браконьерлер сақадай сай жабықтықпен, қаруланған және өздерінің жазалана қоймайтынына сенімді. Биылдың өзінде жануарлар әлемін қорғап жүрген екі инспектор браконьерлердің қолынан қаза тапты.

Жақында Шығыс Қазақстан облысындағы Марқакөл көлінде браконьерлердің қылмыстық тобы ұсталды.

Бұл тек бір ғана мысал, алайда браконьерліктің тамыры тереңге жайылған, соның ішінде бұл құқық қорғау органдарының салғырттығынан болып отыр. Браконьерлер ұлттық байлығымыз – табиғатымызға аяусыздықпен орны толмас зиян келтірді.

Үкіметке екі ай ішінде тиісті заңнаманы қатайту үшін шұғыл шаралар қабылдауды тапсырамын.

Сыбайлас жемқорлықпен жан-жақты күресу мәселесі күн тәртібінен түскен жок.

Орталық және жергілікті органдардың нормативтік құқықтық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу ісін қайта

қалпына келтіру қажет.

Бұған сарапшылар мен қоғам өкілдері де атсалысуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасалған жағдайда бірінші басшысының жауапкершілігін заңнамалық және нормативтік тұрғыдан нақты белгілеу керек.

Сондай-ақ, заңсыз және арандаушылық әрекеттерге барғаны үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдарының қызметкерлерін қатаң жазалау керек. Ондай қызметкерлерге тергеу саласында орын жоқ.

Кінәсіздік презумпциясы қағидаты толық көлемде сақталуы тиіс.

Құқық қорғау жүйесін толық реформалау – аса маңызды міндеттердің бірі.

Полицияның мемлекеттік күшігі құрылымындағы бейнесі бірте-бірте өзгеріп, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін азаматтарға қызмет көрсететін органға айналды.

Ең алдымен, 2020 жылдың аяғына дейін Әкімшілік полиция комитетінің жұмысын қайта ұйымдастыру қажет. Мұны науканшылыққа айналдырмай, сапалы жүргізген жөн.

Полициялық жұмысының тиімділігі полиция қызметінің беделді болуына байланысты.

Ішкі істер министрлігін реформалауға алдағы үш жыл ішінде 173 миллиард теңге бөлінеді.

Бұл қаражат еңбекқанымыз көбейтуге, баспананы жалға алуға, халыққа қызмет көрсету қағидаты бойынша полицияның заманауи фронт-офистерін ашуға жұмсалады.

Азаматтарды табиғи құбылыстар мен техногендік сипаттағы апаттардан қорғау мәселесіне баса мән беріледі.

Өкінішке қарай, мұндай апаттар біздің елімізде ғана емес, бүкіл әлемде жиілеп кетті.

Бұл салада кәсіби мамандар жұмыс істеуі қажет.

Үкіметке азаматтық қорғаныс саласы қызметкерлерінің еңбекқанымын Ішкі істер органдарының реформалау үшін бірлесіп қаражат есебінен көбейтуді және осы мақсатқа сәйкес шамамен 40 миллиард теңге бөлуді тапсырамын.

Біздің алдымызда жаңа тұжырымдама негізінде тегуірді әскер қалыптастыру міндеті тұр.

Арыста болған оқиғалар Қарулы Күштерде түйткілі мәселелер қордаланып қалғанын көрсетті.

Әскерге жұмсалатын шығыстарды реттеп, осы саладағы қаржы жүйесін және жалпы тәртіпті нығайтатын кез келді.

Сонымен бірге әскери қызметтің беделін арттырып, Қарулы Күштердің материалдық базасын нығайту қажет.

Отанына адал, кәсіби тұрғыдан дайындалған офицерлер мен әскери қызметшілері бар армиясыз жаңа геосаяси жағдайларда ел қауіпсіздігіне қауіп төндіретін қатерлерге тойтарыс беруге дайын болуы керек.

III. ҚАРҚЫНДЫ ДАМУҒАН ЖӘНЕ ІНКЛЮЗИВТІ ЭКОНОМИКА

Қазақстан экономикасы жаһандық сипаттағы қиындықтарға қарамастан, алға ілгерілеп келеді.

Жыл басынан бері оның өсімі орташа әлемдік көрсеткіштен жоғары болды.

Егер қажетті құрылымдық өзгерістерді жүзеге асырсақ, 2025 жылға қарай ішкі жалпы өнімнің жыл сайынғы тұрақты өсімін 5 пайызға және одан да жоғары деңгейге жеткізуге болады.

Экономиканың дамуына тың серпін беру үшін Үкімет пен Президент Әкімшілігі отандық және шетелдік сарапшылардың барлық жұмыстарын мұқият саралауы қажет.

Елбасы ұсынған 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясына және Үлт Жоспарына сәйкес бірқатар құрылымдық міндеттерді іске асыруымыз керек.

Бірінші. Шикізатқа байланған ментәліттен бас тартып, экономиканы әртарапандыру.

«Білім экономикасы», еңбек өнімділігін арттыру, инновацияны дамыту, жасанды интеллектті жаһандық дамудың негізгі факторларына айналды.

Индустрияландырудың үшінші бесжылдығын жүргізу барысында жіберілген барлық қателіктерді, олықтықтарды ескеруіміз керек.

Бұл мәселелер бойынша менің барлық тапсырмаларымды, ескертулерімді Үкімет толық орындауға міндетті.

Еңбек өнімділігінің нақты өсімін кем дегенде 1,7 есеге арттыруымыз керек.

Елімізді өңірдегі көшбасшы ретінде танытып, Орталық Азиядағы беделімізді арттыру – стратегиялық міндет.

Бұл – Елбасы айқындаған саяси бағыт-бағдарымыз.

Екінші. Квазимемлекеттік сектордың қайтарымын арттыру.

Біздің мемлекеттік компаниялар ірі конгломераттарға айналды. Бірақ олардың халықаралық бәсекеге қабілеттілігі күмән тудырады.

Мемлекеттің экономикаға орынсыз араласуын азайту мақсатымен квазимемлекеттік компаниялар құруға мораторий енгізу жөнінде шешім қабылдадық.

Біз Ұлттық әл-ауқат қоры құрылған 14 жыл ішінде халықтың әл-ауқатын арттыруға Қордың нақты қандай үлес қосқанын білудіміз керек.

Үкімет Есеп комитетімен бірлесіп, үш айдың ішінде мемлекеттік холдингтер мен ұлттық компаниялардың тиімділігін анықтау үшін талдау жүргізуі тиіс.

Квазимемлекеттік компаниялар көп жағдайда өзара бәсекеге түседі.

Тұрғын үй саясаты саласында бір мезетте 7 мемлекеттік оператор жұмыс істейді. Бұл тек орталық деңгейдегі ахуал!

Мемлекеттік компаниялардың санын қысқартуға болады және солай ету керек.

Бірақ, стратегиялық секторларда жұмыс істейтін мемлекеттік компаниялардың қызметіне мұқият болған жөн.

Ондай компаниялар мемлекет бақылауында болуы тиіс.

Әйтпесе, мемлекеттік монополистердің орнына жеке монополистер пайда болып, соның салдарынан зардап шегуіміз мүмкін.

Үкімет баға белгілеу және тарифтер мәселесімен жүйелі әрі нақты айналысуы керек.

Бұл табиғи монополистердің тауарларына да, көрсететін қызметтеріне де қатысты.

Елімізде азық-түлік пен киім-кешектен бастап, түрлі қызметтерге дейін бағаның жоғары екені жасырын емес.

Мысалы, сұранысы жоғары бағдарлар бойынша негізгі әуе тасымалдаушы белгілейтін билеттердің құны неге сонша қымбат?! Оның бағасы Еуропаға қарағанда 30 пайызға артық. Біздің әуежайда көрсетілетін қызметтер құнының салыстырмалы түрде жоғары болуын қалай түсіндіруге болады?

Қазақстан әуежайларында жанармай шетелдік тасымалдаушылар үшін қымбат бағаға, ал отандық тасымалдаушыларға арзанға сатылатыны неліктен?

Соның салдарынан Қазақстанның авиация саласы халықаралық бәсекеге қабілеттілігіне айырылып, транзиттік әлеуетіміз төмендеп кетті.

Тиісті министрлік пен ведомстволардың салғырттығына байланысты темір жол билеттерінің тапшылығы қолдан жасалып отыр.

Бұл салаларда тез арада тәртіп орнату керек.

Біздің мақсатымыз – мемлекеттің тұрақтандырушы ролін сақтай отырып, нарықтық институттар мен құрылымдардың толыққанды дамуын қамтамасыз ету.

Осы ретте, «қарапайым заттар экономикасы» естен шығармаған жөн. Бұл – біздің жұмысымыздың басым бағыты.

Үшінші. Тиімді шағын және орта бизнес – қала мен ауылды дамытудың берік негізі.

Шағын, әсіресе, микробизнес еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқарады.

Атап айтқанда, ең алдымен, ауыл тұрғындарына тұрақты жұмыс берелі, жұмыссыздықты азайтады. Сонымен қатар, салық базасын құрап, жергілікті бюджетті нығайтады.

Сондай-ақ, жаппай кәсіпкерлікті дамыту санаға сіңген патерналистік пінғыл мен масылдықтан арылуға мүмкіндік береді.

Сондықтан мемлекет алдағы уақытта да бизнеске қолдау көрсете береді.

Бұл мақсатқа Ұлттық қордан 100 миллиард теңгеге жуық қаржы бөлінеді.

Бірақ сарапшылардың пікірінше, қаржылай қолдаудың игілігін жергілікті билікпен байланысы бар шаруашылықтар ғана көріп отыр.

Шын мәнісінде, жаңа жобалар бойынша компаниялар құрылып, жұмыс орындары ашылуы керек еді.

Бұл «қарапайым заттардың экономикасына» тікелей байланысты.

Бірақ, жергілікті әкімдер ұйымдастыру жұмыстарын талапқа сай орындамаған.

Соның салдарынан салық және зейнетақы төлемдерін арттырып, жергілікті бюджетті нығайтуға жағдай жасалып отырған жоқ.

Осыған орай, Есеп комитетіне және Қаржы министрлігіне қаражаттың жұмсалыуын қатаң бақылауға алуды тапсырамын.

Елімізде кәсіпкерлікті дамытудың үлгі боларлық мысалдары жеткілікті. Біз шағын кәсіпкерлікті бүкіл қоғам болып қолдауымыз керек.

Үкіметке микро және шағын бизнес саласындағы компанияларды табысқа салыныпты салықтан үш жылға босату үшін заңнамалық база әзірлеуді тапсырамын.

Заңнамаға енгізілетін тиісті түзетулер 2020 жылдан бастап күшіне енуі керек.

2020 жылғы қаңтардан бастап, микро және шағын бизнес субъектілеріне тексеріс жүргізуге үш жылға тыйым салу туралы шешімді күшіне енеді.

Біз бизнестің адал әрі заңға сәйкес жүргізілетініне сенеміз. Бизнес өкілдері тұтынушылар мен азаматтар алдында жауапты болуы тиіс.

Мораторий кезеңінде өзін-өзі реттеу, қоғамдық бақылау тетіктерін жандандыру керек.

Бизнес өкілдері санитарлық-эпидемиологиялық саладағы нормалар мен ережелерді бұзатын болса, ондай компаниялар жабылып, иелері жауапкершілікке тартылады.



Кеше облыс әкімдігінің ситуациялық орталығында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауының көрсетілімі болды. Оған облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов, сонымен қатар бірқатар басқарма мен департамент басшылары қатысты.

Жолдауда Президент ішкі саяси мәселелер, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, экономиканы жаңғырту, халықты әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерін көтерді. «Еліміздің даму жолын бүкіл әлем мойындап, қазақстандық, яғни Назарбаев моделі деп атады. Қазір бізге тәуелсіздіктің жетістіктерін еселеп, елімізді

дамудың жаңа сапалы кезеңіне шығару мүмкіндігі беріліп отыр», – деді Мемлекет басшысы.

Көрсетілім барысында көпшілік тікелей шетелдік инвестиция тарту, өнерлерді дамыту және атаулы әлеуметтік көмек көрсету бойынша жүктелген міндеттерді шешудің маңыздылығына мән берді.

«Nur Otan» партиясы облыстық филиалының ұжымы Президент Жолдауын бірге тыңдады.

Бұл Жолдау жүктеген міндеттерді бірге талқылап, бірігіп жоспар жасау үшін тиімді екені сөзсіз.

Партияның облыстық филиал төрағасының бірінші орынбасары Ақмарал Әлназарова Жолдауда

айтылған міндеттерді орындау үшін іс-шаралар жоспары жасалатынын, халыққа барынша ақпараттық-насихаттық жұмыстар жүргізілетінін және партия жұмысын одан әрі күшейте түсетінін айтты.

– Мемлекет басшысының халыққа арнаған Жолдауы сайлауалды «Сабактастық. Әділдік. Өрлеу» бағдарламасының жалғасы екені айқын. Жолдауда халықтың әл-ауқатын көтеру үшін атқарылатын жұмыстар жан-жақты аталып көрсетілді. Атап айтқанда, тұрғындар үшін медициналық қызметті пайдалану, сапалы білім алу, ауылдардың әлеуетін көтеру, кәсіпкерлікті дамыту, тұрғын үйге қолжетімділік және басқа мәселелер түгел қамтылды. Сонымен қатар, зейнетақы қорына жиналған қаржыны білім алуға, баспана алуға

жұмысқа мүмкіндік жасауды Үкіметке тапсырды. Сондай-ақ, елімізде кооперативтік жүйе жайына тоқталуы партиялар арасындағы бәсекелестікті қалыптастыру, партия жұмысына сын көзбен қарау қажеттігін еске салды. Бүгінде партиялық бақылау, партиялық тыңдау тетіктері өз нәтижесін беруде, – деді Ақмарал Шәріпбайқызы.

Қорқыт ата атындағы КМУ ұжымы Президент Жолдауын тамашалады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың көтерген түйткілі мәселелері, оны шешуге бағытталған нақты қамалдары қалың жұртшылықты елең еткізді.

ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗІ

Осылайша, шағын бизнеске түсетін ауыртпалықты азайтамыз.

Сонымен қатар бизнес өкілдері құқық қорғау және тексеруші органдардың іс-әрекетіне байланысты көптеген қиындыққа тап болуда.

Шағын және орта бизнеске қатысты рейдерлік әрекеттер жиілеп кетті.

Бұл мәселе жөніндегі ұстанымым белгілі: бизнестің, әсіресе шағын және орта бизнестің дамуына кедергі келтіретін әрекеттер мемлекетке қарсы қылмыс деп танылуы тиіс.

Осыған орай, заңнамалық сипаты бар қосымша шаралар қабылдау қажет. Парламент пен Үкімет осы мәселені шешу жолдарын ұсынуы керек.

Сонымен қатар, көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылды күшейтіп, капиталды сыртқа шығаруға, салық төлеуден жалтаруға қарсы күресті жандандыру қажет.

Шағын және орта бизнеске мемлекет тарапынан қаржылай қолдау көрсету жүйесін жаңа жобаларға басымдық бере отырып, қайта құру қажет.

Үкіметке «Бизнестің жаңа жол картасы» аясында осы мақсатқа сәйкес алдағы үш жыл ішінде қосымша 250 миллиард теңге бөледі тапсырамын.

Әлеуметтік бағыттарға – отбасы бизнесін құруға, ең алдымен, көп балалы және жағдайы төмен отбасыларға баса мән бере отырып, бизнеске қолдау көрсетудің жаңа тәсілдерін енгізу керек.

Туризмді, әсіресе экотуризм мен этнотуризмді дамытуға экономиканың маңызды саласы ретінде баса мән беру қажет.

Алтын Орданың 750 жылдығын төл тарихымызға, мәдениетіміз бен табиғатымызға туристер назарын аудару тұрғысынан атап өткен жөн.

Туризмді дамыту үшін қажетті инфрақұрылым жүргізуді, соның ішінде жол салып, білікті мамандар дайындауды қамтамасыз ету қажет.

Төртінші. Ұлттық бизнеске халықаралық нарықтарда қолдау көрсету.

Өз өнімін экспортқа шығаратын компанияларға мемлекеттік қолдау көрсетудің тиімділігін барынша арттыру керек.

Шетелден тікелей инвестиция тарту жұмыстарын барынша жандандыру қажет. Онсыз алдағы уақытта экономикалық өсім резерві шектеулі болады. Бұл – атқарушы билік басымдық беруі тиіс міндеттердің бірі.

Қазақстанның 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары аясында әрбір сала мен өңір үшін нақты мақсатты көрсеткіштер белгіленген.

Мемлекеттік органдар, әсіресе, өңір әкімдері сол көрсеткіштерге қол жеткізуге тікелей жауапты болады.

Қазақстан цифрлық экономиканы дамытуды көздеп отыр.

Осыған орай көп жұмыс атқаруымыз керек.

Біздің міндетіміз – ақпараттық коммуникациялық инфрақұрылымның даму деңгейі бойынша өңірдегі көшбасшылықты нығайту.

Үкімет заңнаманы 5G, «Ақылды қалалар», «Үлкен деректер», блокчейн, цифрлық активтер, жаңа цифрлық қаржы құралдары сияқты тың технологиялық құбылыстарға бейімдеу қажет.

Қазақстан технологиялық серіктестік орнату, мәлімет орталықтарын құру және орналастыру, мәліметтер транзитін дамыту, цифрлық қызметтердің жаһандық нарығына қатысу үшін ашық юрисдикция ретінде өзіндік бренд айналуы тиіс.

Үкімет «Астана» халықаралық қаржы орталығының қызметіне қолдау көрсете беруі керек. Бұл құрылым, шын мәнінде, конституциялық мәртебеге ие болды. Халықаралық қаржы орталығының Назарбаев Университетімен бірлесіп, заманауи цифрлық технологияларды дамыту алаңына айналуына толық мүмкіндігі бар.

Бесінші. Дамыған агроөнеркәсіп кешені.

Ауыл шаруашылығы – біздің негізгі ресурсымыз, бірақ оның әлеуеті толық пайдаланылмай отыр.

Ел ішінде ғана емес, шетелде де сұранысқа ие органикалық және экологиялық таза өнім өндіру үшін зор мүмкіндіктер бар.

Біз суармалы жер көлемін кезекесінен 2030 жылға қарай 3 миллион гектарға дейін ұлғайтуымыз керек.

Бұл ауыл шаруашылығы өнімінің көлемін 4,5 есе арттыруға мүмкіндік береді.

Сауда және интеграция, ауыл шаруашылығы министрліктері фермерлерге өз өнімін сыртқа шығарып сату үшін барынша қолдау көрсетуі тиіс.

Осыған орай Үкіметке тиісті тапсырма берілді. Бұл – маңызды міндет. Ауыл шаруашылығы өнімін экспорттау ісінде шикізатқа негізделуден бас тарту керек.

Өнім өңдейтін кәсіпорындар әлеуетінің 40 пайызы ғана пайдаланылып отырғанына қарамастан, оның көлемі 70 пайызға жетті.

Ауыл шаруашылығына шетелден келін киген «латифундистер» көбейіп кетті.

Пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін қайтарып алатын кез келді. Жер – біздің ортақ байлығымыз және оны кім игерсе, соған тиесілі болуы тиіс.

Үкімет пен Парламент осы түйткілі реттеудің тиімді жолдарын ұсынуы керек.

Бұл – өте маңызды мәселе. Мұны шешпей, отандық агроөнеркәсіп кешенінің сапалы дамуы мүмкін емес.

Бүгінде ет өндірісін ұлғайту мәселесі аналық мал басының проблемасына тіреліп тұрған жоқ, керісінше



инвесторлар тарту – маңызды міндет. Келіссөздер жүргізіліп жатыр. Үкімет нақты нәтижеге қол жеткізуі керек.

Жұртшылықты толғандырып жүрген жер мәселесіне арнайы тоқталғым келеді.

Мемлекет басшысы ретінде тағы да мәлімдеймін: жеріміз шетелдіктерге сатылмайды. Оған жол берілмейді.

Бұл мәселе бойынша қауесет таратуды доғару керек. Бірақ жерді тиімді пайдалануды қамтамасыз ету – біздің міндетіміз.

Жер ресурстарын тиімсіз пайдалану мәселесі өте өзекті болып отыр.

Жерге салынатын тікелей салықтар деңгейінің төмендігі жағдайды күрделендіре түсті.

Мемлекеттен жерді тегін жалға алу құқығына ие болғандардың көпшілігі жерді игермей, босқа ұстап отыр.

Елімізде «шөп қорыған иттің»

фермерлерге жем-шөп дайындайтын жерлердің жетіспеушілігіне байланысты болып отыр.

Жем-шөптен қамтамасыз ету көрсеткіші 60 пайыздан төмен.

Ауыл тұрмысының сапалы болуын қамтамасыз етпей, ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру мүмкін емес.

Біз Елбасының «Ауыл – Ел Бесігі» арнайы жобасын жүзеге асыруды жалғастырамыз.

Біз шағын елді мекендерді дамытуға қатысты өте күрделі мәселені шешуіміз қажет.

Өңірлік стандарттар әзірленді. Енді оларды үш мыңнан астам негізгі және қанаттас ауылдық елді мекендерге енгізу қажет.

Үкіметке «Ауыл – Ел Бесігі» жобасын жүзеге асыру үшін биыл бөлінген 30 миллиард теңгеге қосымша алдағы үш жыл ішінде 90 миллиард теңге бөледі тапсырамын.

Бұл қаражат көлік, ауыз су және газбен қамтамасыз ету сияқты инфрақұрылымдық мәселелерді шешумен қатар, мектеп, аурухана, спорт алаңдарын салуға және жөндеуге жұмсалды.

Қаржының жұмсалуды барлық мемлекеттік органдардың қатаң бақылауында болуы тиіс.

Алтыншы. Әділетті салық салу жүйесі және тиімді қаржылық реттеу. Жалпы ішкі өнім мен халық табысының артуына қарамастан, қоғамдағы мүлктік жіктелу үдерісі сақталып отыр, тіпті күшейіп барады.

Бұл – алаңдатарлық фактор. Сондықтан оған ерекше назар аудару керек.

Ұлттық табыстың әділ бөлінуіне баса мән бере отырып, салық жүйесін жаңғырту қажет деп санаймын.

Үкімет әлеуметтік төлемдер көлемінің артып келе жатқанына да назар аударуы тиіс.

Бір жағынан, бұл алымдар әлеуметтік және зейнетақы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бірақ, жұмыс берушілер жұмыс орындарын ашуға және еңбекқандық арттыруға мүдделі болмай қала ма деген қауіп бар.

Көлеңкелі бизнес белең алады. Сондықтан Үкіметке 5 пайыздық қосымша зейнетақы төлемін енгізу мәселесін 2023 жылға дейін шешеруді тапсырамын. Кейін бұл мәселеге қайта ораламыз.

Осы уақыт ішінде Үкімет, бизнес өкілдері мен сарапшылар мәселені шешудің жолдарын қарастырып, болашақ зейнеткерлердің де, жұмыс берушілердің де мүдделерін ескере отырып, ортақ шешімге келуі тиіс.

Үкімет Салық кодексіне қарастырылған барлық төлемдерге тыйым салуы қажет. Бұл, шын мәнінде, қосымша салықтар.

Қазіргі салық жүйесінің сапасын арттыру – өз алдына бөлек мәселе.

Мұндай жағдай компанияларды өз инвестициясын аламы капиталға, еңбек өнімділігін арттыруға, техникалық тұрғыдан қайта жабдықтауға, экспортқа салуға ынталандыруы тиіс.

Қолма-қол ақшасыз төлеу жүйесін жаппай енгізу керек. Бұл үшін тежеуші фактордың бірі саналатын банктердің жоғары үстеме алымын жою қажет. Сондай-ақ, тиісті реттеу ережелеріне сәйкес банктік емес төлем жүйесін белсенді дамыту керек.

Бұл сегмент қарапайым әрі тартымды болғанымен, ақша жымқырудың және елімізден капитал шығарудың көзіне айналмауы тиіс.

Ұлттық банк осы салаға нақты бақылау орнатуы қажет.

Келесі мәселе. Шикізаттық емес өнімнің экспортына қолдау көрсету үшін қосымша құн салығын қайтарудың қарапайым әрі жылдам тәртібін қолдану мәселесін қарастыру керек.

Экономиканың өте түйткілді мәселелерінің бірі – кредит беру көлемінің жеткіліксіздігі. Соңғы бес жыл ішінде заңды тұлғаларға, сондай-ақ шағын және орта бизнеске берілген кредиттің жалпы көлемі 13 пайыздан аса қысқарған.

Екінші деңгейдегі банктер қарыз алушылар ішінде сенімділерінің аз екенін сылтауратып, кредит қаражатының құнын шамадан тыс арттырып жібереді.

Өрине, қарыз алушылардың сапасына қатысты мәселе бар. Бірақ, жауапкершілікті басқаға артып, тек қана жеңілдің астымен жүруге болмайды.

Мен бұл мәселеге қатысты Үкімет пен Ұлттық банк үйлесімді әрі тиімді жұмыс жүргізеді деп ойлаймын.

Тағы бір мәселе – халықтың, әсіресе әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтардың тым көп несие алуы. Мұның өзі шұғыл шаралар қабылдауға алып келді. Сіздер бұл жөнінде білесіздер.

Бұл мәселе әлеуметтік және саяси түйткілдерге ұласты.

Сондықтан, Үкімет пен Ұлттық банкке екі ай ішінде мұндай жағдайды қайталанбауына кепілдік беретін тетіктерді енгізу үшін дайындық жүргізуді тапсырамын.

Ақша-кредит саясаты тиімділігін жеткіліксіздігі еліміздің экономикалық дамуын тежейтін себептің бірі болып отыр.

Екінші деңгейдегі банктердің бизнеске кредит беру ісін қалайы әрі ұзақ мерзімді болуын қамтамасыз ету керек.

Жыл соңына дейін Ұлттық банк екінші деңгейдегі банктердің активтерінің сапасына тәуелсіз бағалау жүргізу жұмысын аяқтауы қажет.

Жетінші. Ұлттық қорды тиімді пайдалану мәселесі.

Ұлттық қор қаражатының ағымдағы мәселелерді шешуге жұмсалуды қысқарту қажет.

Бұл – келешек ұрпақтың қаржысы. Ұлттық қордың трансфертері бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыруға бағытталған бағдарламаларды және жобаларды жүзеге асыру үшін ғана бөлінуі керек.

Кепілдендірілген трансферт көлемі 2022 жылдан бастап бірте-бірте 2 триллион теңгеге дейін азаюы тиіс.

Қор қаржысын пайдаланудың анағұрлым тиімді инвестициялық саясатын жүргізген жөн.

Үкіметке Ұлттық Банкпен бірлесіп, жыл соңына дейін Ұлттық қордың қаржысына иелік етуді жетілдіру үшін нақты ұсыныстар әзірлеуді тапсырамын.

Сегізінші. Еңбекке тәуелді деңгейін арттыру.

Кен өндіру саласындағы ірі кәсіпорындардың табысы арқанмен азаматтарымыздың жалақысы айтарлықтай өспегенін көріп отырмыз.

Халықтың әлеуметтік жағдайы туралы айтылып отырғандықтан, Үкімет бұл мәселеде табандылық танытуы керек.

Үкіметке еңбекке тәуелді қорын арттыру үшін жұмыс берушілерді ынталандыру мәселесін пысықтауды тапсырамын.

IV. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Еліміздің бюджеті екі негізгі мақсатқа бағытталуы тиіс – экономиканы дамыту және әлеуметтік мәселелерді шешу.

Әлеуметтік салада мынадай бағыттарға баса мән беру керек.

Бірінші. Білім беру сапасын жақсарту.

Біздің елімізде еңбек ресурстарының балансын есепке алудың тиімді әдістемесі әлі күнге дейін әзірленген жоқ.

Шын мәнінде, мамандар даярлаудың отандық жүйесі нақты еңбек нарығынан тыс қалған.

Жыл сайын 21 мыңға жуық мектеп түлегі кәсіби және жоғары оқу орындарына түсе алмай қалады.

Жастардың бұл тобы жұмыссыздар мен маргинальдардың негізін құрайды. Олар амалының жоқтығынан қылмыстық және экстремистік ағымдардың ықпалына түседі.

Біз оқушылардың қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына көшуіміз қажет.

Бұл саясат орта білім берудің ұлттық стандартының негізі болуы тиіс.

Экономиканы дамыту техника саласының мамандарына сұраныс өте жоғары, бірақ мүмкіндіктер аз. Кәсіпорындар тиісті мамандарды шетелден шақыруға мәжбүр. Осындай келенсіз жағдайды жедел түзетуіміз керек.

Қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білім сапасы аяқталмап барады.

Негізгі мәселе – ауылдық жерлердегі білікті педагог кадрлардың тапшылығы.

Сондықтан, «Дипломмен – ауылға» бағдарламасының аясын кеңейтіп, жұмысты жаңа деңгейде жалғастыруымыз қажет. Үкіметке келесі жылдан бастап осы бағдарламаны қаржыландыруды 20 миллиард теңгеге жеткізуді тапсырамын.

Дарынды ауыл жастарын іріктеп, отандық және шетелдік жоғары оқу орындарына дайындау керек.

Аз қамтылған және көп балалы отбасыларды қолдау үшін Үкіметке Дарынды баланың қабілетін дамытудың жол картасын әзірлеуді тапсырамын.

Үкімет пен әкімдер осындай балалардың үйірмелер мен орталықтарға, жазғы лагерлерге баруы үшін мүмкіндік жасауы керек.

Енді жоғары білімнің сапасына жеке тоқталғым келеді.

Өз тұлғаларын жұмыспен қамту жағынан еліміздегі жоғары оқу орындарының жартысы ғана 60 пайыздық деңгейге қол жеткізіп отыр.

4-бет.



Мен, ең алдымен, орта бизнес туралы айтып отырмын.

Біз кәсіпкерлердің осы тобына арналған нақты мемлекеттік қолдау шаралары жоқ. Бұл, әсіресе, өнімді сату ісіне қатысты.

Үкіметке мемлекеттік индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында өнімділігі жоғары орта бизнеске қолдау көрсетудің кешенді шараларын әзірлеуді тапсырамын. Соның ішінде салықтық, қаржылық, әкімшілік ынталандыру мәселелері көзделуі тиіс.

2-бет.

ҰЙЫМШЫЛДЫҚПЕН АТСАЛЫСТЫ

Басқосу барысында университет ректорының міндетін атқарушы Бақытхан Әбдікәрімов жана Жолдаудың ел дамуын ілгерілететініне тоқталып, берілген тапсырманы жүзеге асыру әрбір салаға салмақты жауапкершілік жүктейтінін алға тартты.

– Елі сенім артқан Президенттің бастамасы халық қолдауына ие болды. Ендігі жолға қойылған бағыт – халық тұрмысын одан әрі жақсарту, табысын еселеу. Мақсат айқын. Тек алда оны жүзеге асыру міндеті тұр. Қазір жаңа белестерді бағындыруға да мол мүмкіндік жасалуда. Бір ғана білім саласындағы қолдаудың өзін айтып тауысу мүмкін емес. Қасым-Жомарт Кемелұлы оқулық сапасын арттыру, мұғалімдер мен оқытушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мәселелерін шет қалдырмады. Бүгін Президент Тамыз конфе-

ренциясында алдағы төрт жыл ішінде мұғалімдердің еңбекақысын 2 есеге арттыруды тапсырды. Бұл – келер жылдан бастап ұстаздардың жалақысы 25 процентке дейін өседі деген сөз, – деді Б.Әбдікәрімов.

Облыстық медицина орталығының конференциясында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған Жолдауын дәрігерлер мен медицина қызметкерлері тыңдады.

Жолдау – ұлт болашағын жарқын ететін саяси оқиға. Мемлекет басшысы жолдаған маңызды құжат елдің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық ахуалын талдады. Биылғы Жолдау халықтың әл-ауқатын арттырып, экономиканың өркендеуіне

үлес қоспақ. Сонымен қатар, алқап жылында медицина саласындағы маңызды міндеттер айтылып, жүзеге асырылуы тиіс мәселелер де тілге тиек етілді.

– Мемлекет басшысының халыққа арнаған Жолдауын медицина қызметкерлері зор ықыласпен қабыл алды. Мұнда ұшжылдық бюджет аясында денсаулық сақтау саласын дамытуға 2,3 трлн теңге бөлінетіні, медициналық қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету жайы айтылды. Әсіресе, Президент айтқандай, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі іске қосылып, оған қомақты қаржы қарастырылғаны әрбір тұрғын үшін пайдалы болар еді, – деді медицина орталығы директорының орынбасары Ләззат Қырымова.

«СБ» тілшілер тобы.



СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗІ

Сондықтан олардың санын қысқарту мәселесін қарау керек.

Терең білім берудің орнына диплом сатумен айналысқан университеттеріміз бар екені де жасырын емес.

Бірінші кезекте соларға тыйым салу арқылы біз оқу орындарындағы білім беру сапасын арттыруға күш саламыз.

Білім саласына қатысты тағы бір мәселе – қаржыландырудың біркелкі болмауы және өңірлік басқарудың қазіргі жүйесінің тиімсіздігі.

Білім бөлімдерін басқару және бюджет қаржысын әкімшілендіру функцияларын аудандық деңгейден облыстық деңгейге беру керек.

Білім берудің барлық деңгейінде дербес қаржыландыру тәртібін енгізу қажет.

Тағы бір өзекті мәселе. Бұл – оқулық сапасының төмендігі. Оқушыларды сапалы оқулықтармен қамтамасыз ету – тиісті министрліктің тікелей міндеті.

Мұғалімдер мен оқытушылардың әлеуметтік жағдайын жақсартпасақ, бұл шаралар жүзеге аса қоймайды.

Сондықтан, мен Тамыз конференциясында алдағы төрт жыл ішінде мұғалімдердің еңбек ақысын екі есе арттыруды тапсырдым. Бұл – келесі жылдан бастап ұстаздардың жалақысы 25 пайызға өседі деген сөз.

Ғылым саласындағы ахуал ерекше назар аударуды талап етеді. Біз ғылымсыз еліміздің дамуын қамтамасыз ете алмаймыз.

Отандық ғылым жүйесі қаншалықты сапалы әрі тиімді? Бұл – басқа мәселе.

Үкімет аталған мәселені ғылыми зерттеулердің деңгейін көтеру және оларды тәжірибеде қолдану тұрғысынан қарастыруы жөн.

Екінші. Отбасы және бала институтын қолдау, инклюзивті қоғам құру. Бала құқығын қорғау және тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселесіне басымдық беріміз қажет.

Жасөспірімдер арасында көбейіп кеткен суицид мәселесімен мақсатты түрде айналысу керек.

Біз зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балалар мен олардың отбасын қорғау жөнінде толыққанды бағдарлама әзірлеуіміз қажет.

Қамқорлығында мүмкіндігі шектеулі балаларға бар отбасыларға ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Тек ресми статистика бойынша 80 мыңнан астам бала мүгедектігіне байланысты есепте тұр.

Үкімет БЦП диагнозы бар балаларға медициналық және әлеуметтік қолдау көрсетуді жақсарту үшін шаралар қабылдауы керек.

Балаларға қолжетімді болуы үшін шағын және орташа оналту орталықтарының желісін кеңейту қажет. Біз ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бірдей мүмкіндік жасауға міндеттіміз.

Мен бұл туралы өзімнің сайлау алдындағы бағдарламада айттым. Үкіметке енді осы мақсатқа үш жыл ішінде кем дегенде 58 миллиард теңге бөлуді тапсырамын.

Халықтың денсаулығын жақсарту мәселесі айрықша назар аударуды талап етеді.

Барлық жастағы ел азаматтары арасында бұқаралық спортты дамыту маңызды.

Спорт инфрақұрылымының балалар үшін барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек.

Бұқаралық дене шынықтыруды өркендету ісі жана чемпиондар шыңына шығатын пирамидаға айналуы тиіс. Бұл салауатты әрі белсенді жастардың, түптеп келгенде, қуатты ұлттың негізін қалайтынды.

Осы бағдарды занамалық тұрғыдан қамтамасыз ету, сондай-ақ Бұқаралық спортты дамыту жөніндегі кешенді жоспар қабылдау қажет.

2020 жыл «Волонтер жылы» деп жарияланды. Еріксіз қызметіне азаматтардың, әсіресе жастардың, студенттер мен оқушылардың қатысуы аясын кеңейту, олардың бойында белсенді өмірлік ұстанымдарға қатысты дағды қалыптастыру – маңызды міндет.

Бұл – азаматтық қоғамды нығайту жөніндегі жұмысымыздың маңызды құрамдас бөлігі.

Үшінші. Медициналық қызмет көрсетудің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Бұл жерде халықтың денсаулығына байланысты, әсіресе, ана мен сәби өліміне қатысты көрсеткіштердің өңірлік теңгерімсіздігі айқын көрінеді.

Дегенмен, бұл көрсеткіш төмендеп келеді. Бірақ әлі де жоғары, сондай-ақ дамыған елдердің деңгейінен айтарлықтай көп.

Үкімет өз жұмысында осы қағидатты басшылыққа алуға міндетті. Ал, резервтерді тиімсіз шығындарды азайту және табысты арттыру есебінен қалыптастыру қажет.

Мұндай резервтердің бар екені сөзсіз. Қаржы министрлігі табысты арттыру үшін жұмыс жүргізуде. Алайда, қосымша күш жұмсау керек. Мәселен, кеден ісіне қатысты.

Елбасы «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің отырысында мемлекеттік сатып алулар үдерісін ретке келтіру мәселесіне ерекше мән берді. Қаржы



Әрқайсысыңызға мына нәрсеңі айтқым келеді: мемлекет тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін сақтайды. Оны қаржыландыруға алдағы үш жыл ішінде 2,8 триллионнан астам теңге бөлінеді.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың жүзеге асырылуы медициналық қызмет көрсетуінің сапасы мен қолжетімділігін жақсартуға бағытталған.

Ұшжылдық бюджет аясында денсаулық сақтау жүйесін дамытуға қосымша 2,3 триллионнан астам теңге бөлінеді.

Үкімет әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің беделіне тағы да нұқсан келтірмеу үшін оны жүзеге асыру мәселесіне зор жауапкершілікпен қарауы қажет.

Біздің қателесуге құқымыз жоқ. Төртінші. Мәдениет қызметкерлерін қолдау.

Біз мәдениет саласында жұмыс істейтін азаматтарға жеткілікті түрде көңіл бөлмей отырмыз.

Бұл – ең алдымен, кітапхана, музей, театр қызметкерлеріне қатысты мәселе.

Олардың еңбекақысы соңғы жылдары мүлде көбейген жоқ.

Соның салдарынан мәдениет қызметкерлері, әсіресе жас мамандар жеткілікті бар тұрғын үй бағдарламаларына қатыса алмайды.

Мұндай ахуал осы кәсіптің беделін түсіріп, лайықты кадрлардың ташпылығы айқын сезіледі.

Келесі жылдан бастап Үкімет мәдениет қызметкерлерінің еңбекақысын көбейтуі тиіс.

Сондай-ақ, білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы міндетті әлеуметтік жетілдіретін мәдениет саласының өкілдеріне де берілуі керек.

Бесінші. Әлеуметтік көмек көрсету жүйесін одан әрі дамыту.

Мемлекет мұқтаж жандарға көмек көрсету үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға.

Алайда, бірқатар шешімдер жан-жақты сарапталмай қабылданды. Нәтижесінде бұл патерналистік пиғылдың айтарлықтай артуына әкеп соқтырды. Соңғы 5 жылда Қазақстанда атаулы әлеуметтік көмек алатындар саны 77 мыңнан 1,4 миллионнан астам адамға артқан.

Әлеуметтік көмекке бюджеттен бөлінетін қаражат көлемі 2017 жылдан бері 17 есе көбейді және одан да арта түсті.

Басқаша айтқанда, жұмыс істегісі келмейтін адамдар немесе әлеуметтік көмек алу үшін өздерінің табысын жасыратындар көбейді. Жағдайы бар отбасылардың әлеуметтік көмек алатыны туралы деректер бұған дейін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған болатын.

Тағы да атап өтеймін. Конституция бойынша біздің еліміз – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан мемлекетіміз азаматтар алдындағы міндеттерін орындауы тиіс.

Үкімет өз жұмысында осы қағидатты басшылыққа алуға міндетті. Ал, резервтерді тиімсіз шығындарды азайту және табысты арттыру есебінен қалыптастыру қажет.

Мұндай резервтердің бар екені сөзсіз. Қаржы министрлігі табысты арттыру үшін жұмыс жүргізуде. Алайда, қосымша күш жұмсау керек. Мәселен, кеден ісіне қатысты.

Елбасы «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің отырысында мемлекеттік сатып алулар үдерісін ретке келтіру мәселесіне ерекше мән берді. Қаржы

министрлігі мемлекеттік сатып алуды оңтайландырумен айналысып жатыр, бірақ заңнамалық сипаттағы шаралар қажет.

Мемлекеттік сатып алудың әлеуеті зор (кейбір есептеулер бойынша, жылына 400 миллиард теңгеге дейін жетеді). Бұл қаржыны өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге жұмсауға болады.

2018 жылы мемлекеттік сатып алу көлемі 4,4 триллион теңгені құрады, соның 3,3 триллион теңгесі немесе 75 пайызы бәсекеден тыс тәсілмен бір көзден алу арқылы жұмсалған.

Шенеуніктер мен түрлі деңгелдерді пайдалана келіп отырған бұл табыс көзін жабатын кез келді.

Атаулы әлеуметтік көмекке қайта оралайық. Үкімет оны бөлу тәртібін реттеуі керек. Бұл жүйе ашық әрі әділетті болып, адамдарды бейқамдыққа емес, еңбек етуге ынталандыруы тиіс. Көмек, негізінен, жұмыс істейтіндерге берілуі тиіс.

Сонымен бірге, аз қамтылған отбасылардың балаларына қамқорлық көрсету керек. Олар үшін кепілдендірілген әлеуметтік көмекті енгізу қажет. Бұл дегеніміз – мектеп жасына дейінгі балаларға үнемі қолдау көрсету, барлық оқушыға тегін ыстық тамақ беру, оларды оқу құралдарымен және мектеп формасымен қамтамасыз ету, медициналық, соның ішінде стоматологиялық көмек алу және қоғамдық көліктерде жүру шығындарын өтеу.

Осыған қатысты шешімдердің барлығы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енуі тиіс.

Үкімет «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп бір ай ішінде көп балалы аналарды микро және шағын бизнеске жұмылдыратын, соның ішінде үй жағдайында кәсіпін айналысатындарды да қамтитын арнайы бағдарлама әзірлеуі қажет.

Алтыншы. Еліміздің зейнетақы жүйесін дамыту саласына ерекше тоқталым келеді. Мұнда да қордаланып қалған мәселелер жеткілікті.

Қазіргі кезде зейнетақы жинағының жетіспеушілігі онша сезілмейді. Алайда, 10 жылдан кейін жағдай өзгеруі мүмкін. Жұмыс істеп, зейнетақы қорын толықтырып жатқан азаматтар саны азаяды. Ал, зейнеткерлер саны арта түседі.

Бұл ретте, зейнетақы активінен түсетін инвестициялық табыс пен жинақ деңгейі төмен болып қала бермек.

Сондықтан Үкімет Ұлттық банкпен бірлесіп, зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру үшін нақты жұмыс жүргізуі керек.

Қазір жұмыс істеп жүрген адам өзінің зейнетақы жинағын тек зейнетке шыққаннан соң ғана пайдалана алады.

Бірақ олардың бұл қаражатты зейнетке шыққанға дейін пайдаланғысы келетіні түсінікті жағдай.

Жұмыс істейтін азаматтар өздерінің зейнетақы жинағының бір бөлігін белгілі бір мақсатқа, соның ішінде баспана сатып алуға немесе білім алу үшін пайдалану мәселесін жыл соңына дейін пысықтауды Үкіметке тапсырамын.

Шығындарды оңтайландыру және активтерді инвестициялық басқару сапасын жақсарту мақсатымен Үкіметке ортақ әлеуметтік қор құру және бірінші әлеуметтік төлем енгізу арқылы әлеуметтік қамсыздандырудың бюджеттен тыс жүйесін жұмылдыру мәселесін пысықтауды тапсырамын.

V. ҚУАТТЫ ӨНІРЛЕР – ҚУАТТЫ ЕЛ

Бұл бағытта мынадай міндеттерге баса мән беру керек.

Бірінші. Жергілікті билік органдары жұмысының тиімділігін арттыру. Жергілікті билік тұрғындар үшін ардайын ашық болуы тиіс. Бұл аксиома әлі де бүгінгі күннің шындығына айналмай отыр.

Пилоттық жоба ретінде тұрғындар тарапынан жергілікті билік жұмысының тиімділігін бағалау жүйесін енгізу қажет деп санаймын.

Мысалы, егер сауалнама немесе онлайн-даусы беру нәтижесінде тұрғындардың 30 пайызынан астамы қала немесе ауыл әкімінің жұмысын тиімсіз деп есептесе, бұл Президент Әкімшілігінің арнайы комиссия құрып, туындаған мәселені зерттеуіне және тиісті ұсыным енгізуіне негіз бола алады.

Екінші. Бюджетаралық қатынастар жүйесін реформалау.

Бюджетаралық қатынастардың қазіргі жүйесі түрлі деңгейдегі әкімдерді жергілікті дамудың негізгі көздерін, яғни шағын және орта бизнесті өркендетуге ынталандыра алмай отырғаны анық. Өңірлер қосымша табыс көзін іздегісіне құлықсыз.

Келесі жылдан бастап шағын және орта бизнестен түсетін қосымша салық түсімдері өңірлердің құзыретіне берілетін болады.

Бірақ бұл да жеткіліксіз. Бюджет үдерісінің барлық деңгейде ұйымдастырылуын қайта қарастыру қажеттігі туындап отыр. Жергілікті бюджетті қалыптастыруға халықтың белсенде ағалысуы бұл істе үлкен рөл атқаруы тиіс.

Аудандық, қалалық және ауылдық деңгейдегі билік жергілікті маңызды бар міндеттерді шешу барысында экономикалық тұрғыдан мейлінше дербес болуы тиіс. Олардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі заңнамалық актілерде нақты белгіленуі керек.

Үшінші. Басқарылатын урбанизация және бірінші турғын үй саясаты. Бұған дейін қабылданған «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» және «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» заңдар өзіннің тиімділігін көрсетті. Бірақ, бүгінде бұл заңдарды жетілдіру қажет.

Ең ірі үш қала әкімдіктерінің құзыретін, соның ішінде қала құрылысы саясаты, көлік инфрақұрылымы, қала сәулетін қалыптастыру саласындағы құзыреттерін кеңейту керек.

Республикалық маңызы бар қалалардағы халық санының көптігі қазіргі кезде мақтанарлық жағдай емес, керісінше тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін толық қамтамасыз ету тұрғысынан алаңдаушылыққа негіз болып отыр.

Ірі қалалардың тұрғындары көбейіп келе жатқаны байқалады. Сонымен қатар, жаңа тұрғындарға қолайлы жағдай жасалған Павлодар және Петропавл сынды қалаларда адамдар мен еңбек ресурстарының ташпылығы бар.

Үкімет көші-қон үдерісін басқару үшін пәрменді шаралар қабылдауы тиіс.

Мен сайлау алдындағы бағдарламада бірінші турғын үй саясатын әзірлеу қажеттігін айтқан болатымын.

Негізгі қағидат – тұрғындар, әсіресе, әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтар үшін баспананың қолжетімділігін арттыру.

Үкімет жүйесіз бағдарламалар қабылдау тәжірибесін тоқтатып, тұрғын үй саясатын жетілдірудің бірінші моделін әзірлеуі қажет.

Мәселен, бастапқыда әлеуметтік мүддеге орайластырылған «7-20-25» бағдарламасы аясында қарыз алушының отбасылық табысы орташа есеппен айына 320 мың теңгені құрауы тиіс. Табысы аз адамдар бұған қатыса алмай отыр.

Сондықтан биыл Елбасының бастамасы бойынша 2 пайыздық жеңілдетілген мөлшерлеменен, пайыздық алғашқы жарнасы 10 пайыз болатын жаңа «Бақытты Отбасы» бағдарламасы іске қосылды. Бұл – өте тиімді жетілдік.

Жыл соңына дейін бұл бағдарлама бойынша кем дегенде 6 мың отбасы баспанамен қамтамасыз етіледі. Бірінші кезекте, көпбалалы және мүгедек балалар тәрбиелеп отырған отбасылар қамтылатын болады. 2020 жылдан бастап жыл сайын осындай 10 мың отбасы баспанамен қамтылады.

Үкімет бағдарламаға қатысуға арналған айықын критерийлер белгілеп, оны қатаң әкімшілендіруді қамтамасыз етуі керек. Шын мәнінде көмекке мұқтаж жандарға ғана қолдау көрсетуі тиіс.

Менің Үкіметке тапсырмам – кезекте тұрған аз қамтылған көпбалалы отбасыларға баспана беру мәселесін үш жыл ішінде шешу керек. Бүгінде олардың саны 30 мыңға жуық.

Баспана сатып алуға жағдайы жок азаматтарға әлеуметтік жалаға алу тәртібін қоныстану үшін мүмкіндік беру қажет.

Мемлекет 2022 жылға қарай осы мақсаттарға сәйкес 240 миллиард теңгеден астам қаражат бөледі.

Жеке бизнесті осы жұмыстарға тарту үшін жаңа шаралар қабылдап, мемлекет-жекеменшік әріптестік тетіктерін жұмылдырған жөн.

Азаматтар әкімдік беретін әлеуметтік пәтерлерге кезекке тұру және оның жылжу үдерісінің ашық болмай отырғанына наразы.

Үкімет жыл соңына дейін жалдамалы пәтерлерге, сондай-ақ «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша жеңілдетілген баспана заемын алуға кезекте тұрғандарды есепке алуын ұлттық бірінші турғын үй саясатын қамтамасыз етуді тапсырамын.

2022 жылға қарай өңірлерді дамыту бюджеті 800 миллиард теңгеден асып кетеді.

Өкімдерге жергілікті мәслихаттармен бірігіп, осы қаражаттың жұмсалығын жаңғырту ісін бірлесіп қаржыландыруға және өңір тұрғындарының өзекті әлеуметтік мәселелерін шешуге бағыттауды қамтамасыз етуді тапсырамын.

Төртінші. Инфрақұрылымды дамыту.

Еліміздің әр аймағының тұрғындарының таза ауыз суға, табиғи газға,

көлік инфрақұрылымына қол жеткізу деңгейі біркелкі емес екені белгілі.

Осы теңсіздікті жою үшін жұмысты жандандыру қажет.

Елбасының тапсырмасы бойынша «Сарыарқа» газ құбырының магистралды желісінің бірінші кезектегі құрылысы аяқталып келеді.

Келесі жылы Нұр-Сұлтан қаласында және Қарағанды, содан соң Ақмола мен Солтүстік Қазақстан облыстарында тарату желілерін салу жұмыстары басталады.

Мемлекет осы мақсатқа сәйкес 56 миллиард теңге бөліп отыр. Нәтижесінде 2,7 миллионнан астам адам табиғи газбен қамтамасыз етілетін болады.

Алдағы үш жыл ішінде тұрғындарды таза ауыз сумен және су жеткізумен қамтамасыз етуге шамамен 250 миллиард теңге бөлінеді.

Атқарушы билік органдары «Нұрлы жол» бағдарламасын толық және сапалы іске асыруға баса мән беруі керек.

Бұл – стратегиялық жоба. Соның арқасында бүкіл көлік инфрақұрылымы жаңғыртылады.

Осы мақсатқа орай, мемлекет 2022 жылға дейін 1,2 триллион теңгеден астам инвестиция салады.

Үкімет бұған дейін де көп қаражат бөлен болатын, бірақ оның көбі құмға сіңген судай жоқ болып кетті. Ашығын айтсақ, шенеуніктердің қалтасына кетті, ал таза су, жол және басқа да инфрақұрылымның жағдайы әлі де сол күйінде.

Бұл жолы Үкімет пен Парламент Есеп комитетімен бірлесіп, бюджет қаражатын толығымен тиімді пайдалануды қамтамасыз етуі тиіс.

Үкімет экологияны жақсарту, жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды кеңейту, қоршаған ортаны сақтау ісін доріктеу жұмыстарын жандандыруы керек. Осы орайда «Бірге – Таза Қазақстан» науқаны – қолдауға тұрарлық жоба. Бұл жұмысты жаңғырту керек.

Парламент Экологиялық кодекстің жаңа редакциясын талқылап, қабылдауы қажет.

Жалпы, Үкімет алдағы кезекте жұмыстың тиімділігін арттыруы тиіс. Халық нақты нәтиже күтіп отыр.

Құрметті отандар! Біз елімізді реформалаудың жаңа кезеңіне қадам бастық. Осы маңызды міндеттерді сапалы орындауымыз керек.

Еліміздің әрбір тұрғыны оң өзгерісті сезінуі тиіс.

Мен мемлекеттік органдардан жұмысты жедел атқарып, нақты нәтижеге қол жеткізуді талап етемін.

Реформаны тек реформа үшін жүргізуге жол берілмейді.

Өңір министрде және әкімде нәтижелі жұмыстың негізгі көрсеткіштерінің тізімі болуы тиіс.

Сол арқылы олардың нақты мақсатқа қол жеткізуде деңгейі анықталады.

Үкімет мүшелеріне, мемлекеттік органдар мен өңірлердің, мемлекеттік компаниялардың және мекемелердің басшыларына тиісті реформаның жүзеге асырылуы үшін дербес жауапкершілік жүктеледі.

Осыған байланысты, жақында тиісті Жарлыққа қол қойдым. Бұл Жарлықтың аясында елдегі ахуал, соның ішінде аймақтардағы халықтың жағдайы сауалнама негізінде нақты бағаланатын болады.

Үкіметтің әлеуметтік және

ЖОЛДАУ және ЕЛ ҮНІ

Билік пен халық байланысына жаңа леп алып келеді

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекет басшысы қызметіндегі Қазақстан халқына арнаған алғашқы Жолдауын жариялады. Ол бүгінгі Жолдауда мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға, азаматтардың бостандығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, ел экономикасын дамытуға, халықты әлеуметтік қамтамасыз ету жұмыстарын модернизациялауға, сондай-ақ өңірлерді дамытуға бағытталған бірқатар маңызды бастамаларын жария етті. Экономикалық, саяси және әлеуметтік салаларға қатысты маңызды шешімдерді орындау туралы Үкімет пен Парламентке тиісті тапсырмалар берді.



Әр бір көңілге қонымды барлық бағдарламалардың халықпен ашық байланысқа құрылғаны болып отыр. Қоғамдық диалог, ашықтық, жедел әрекет ету халықтың ойынан шығатын іс. Бұл билік пен халықтың байланысына жаңа леп әкеледі. Егер де билік өкілдері мен қарапайым адамдар бұрынғыдан да бетер тығыз қарым-қатынаста болса, онда проблемалардың жылдам және дұрыс шешілуіне тікелей жол ашылады.

Қасым-Жомарт Кемелұлының жария еткен көптеген мәселелері халықтың да, бизнес өкілдерін де қуантады деп ойлаймын. Аталған жолдаулардың ішінде аз қамтамасыз етілген отбасыларға кепілді әлеуметтік пакет енгізуді өте дұрыс шешім деп ойлаймын. Ал шағын бизнесті үш жылға табыс салығынан босату, 2020 жылдан бастап үш жылға дейін тексерулер жасауды тоқтату кәсіпкерліктің дамуына сөзсіз оң әсерін тигізетін болады. Сондай-ақ, балаларға қатысты зорлық-зомбылық, браконьерлікке қатысты қылмыстарға жаза нышұғы түрде қатаңдату мәселесі де дер кезінде қолға алынғаны отыр.

Имамадин ОҢҒАРБАЕВ,
облыстық мәслихат депутаты.

Еңбек нарығы және кәсіби маман

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына алғашқы Жолдауында орта, техникалық және кәсіптік жоғары білім беру жүйесіндегі бүгінгі күнді түйткілді мәселелерді дөп басып, нақты шешімін айтты.



Бүгінде колледждер мен университеттердегі мамандар даярлау жүйесінің нақты еңбек нарығынан тыс қалғаны анық. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімді мамандар даярлауда әр өңірдің экономикалық дамуы, еңбек нарығының сұранысы толық ескерілмей келеді. Нәтижесінде, оқу орнын бітірген жастар өз мамандығы бойынша жұмысқа орналаса алмай, жұмыссыздар мен маргинал жастардың тобын көбейтіп отырғаны рас. Кей кәсіп орындар қажетті мамандарды шетелден шақыруға мәжбүр.

стандартының да негізіне айналуды тиіс. Демек жеке қабілеттеріне қарай белгілі бір мамандықтар бағытына бағдарланған орта білімнің маңызы зор. Мектеп бітірушілердің еңбек нарығының сұранысына негізделген мамандықтар бойынша білім алуына мүмкіндік жасау – маманның жоғары сапалы денгейі мен сұранысқа сай болуының бірден-бір кепілі болар еді.

Біздің облыста мамандар даярлауды аймақтың еңбек ресурстарының балансына негіздеу мұнан 4-5 жыл бұрын қолға алынып, ол өз нәтижесін де көрсетті. Дегенмен, маманға сұраныстың осы ұзақ мерзімді болжамын анықтаудың әдістемесін жетілдіру қажет.

Бақытжан САЙЛЫБАЕВ,
М.Мәметова атындағы педагогикалық жоғары колледждің директоры,
педагогика ғылымының докторы,
профессор.

Жолдау кәсіпкерлерге жасалатын жеңілдігімен құнды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған алғашқы Жолдауына бизнес өкілдері үшін тосын әрі жағымды жаңалықтарға толы болды.



«Жұмыс берушінің жұмысшыға қосымша 5 пайыз зейнетақы аударуы 2023 жылға шегеріледі», – деген сөзі кәсіпкерлердің еңесін көтеріп тастады. Бұл мәселе айтылған сәттен бастап «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы бизнеске әрі қарай ауыртпалық салуды ұлғайтуға қарсылығын білдіріп, атаған нормаларды қайта қарау бойынша нақты позицияны ұстанған болатын. Сонымен қатар, Ұлттық палата өз кезегінде кәсіпкерлерді, қауымдастықтарды, тәуелсіз сарапшыларды тарту арқылы мәселені жан-жақты талқылауға да шақырды. Міне, бүгін нәтижені көріп отырмыз, Қасым-Жомарт Кемелұлы 5 пайыздық міндетті зейнет-ақылық жарнаның енгізілу мерзімін шегеруді тапсырды.

Жолдаудағы бизнес өкілдері үшін келесі үлкен қолдау – Президенттің микро және шағын бизнес компанияларын табысқа салып отырғанын салықтан 3 жылға босату туралы Үкіметке заңды негіз құруды тапсыруы. Соңғы кезде, Кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесінің төрағасы Ділмұхамед Әбізов көрші Өзбекстан еліндегі шағын және орта бизнеске жа-салып жатқан жағдайларды айтып, соның нәтижесінде елімізде жеңіл өнеркәсіпті ақсатып алу қауіпі болып тұрғандығын түрлі алаңдарда көтеріп жүрген болатын. Мемлекет басшысының Жолдауда Үкіметке берген тапсырмасын кәсіпкерлер қуана қабылдады. Нәтижесімен жаңа жұмыс орындары ашылып, өз елімізде өндірілетін өнімдер сапының артары сөзсіз.

Жолдауда айтылған «Бизнесің жол картасы» бағдарламасына қосымша бөлінетін 250 млрд теңге, мемлекеттік сатып алуға ашықтықты талап ету, 2020 жылдан бастап 3 жылға дейін микро және шағын кәсіпкерлікті тексеруге тыйым салу, экономиканы әртарапандыруға қатысты мәселелер кәсіпкерлердің көкейінде жүрген жайттар болатын.

Мемлекет басшысы бұл қаламдар арқылы елімізде кәсіпкерлікті қолдау алаңды уақытта да жан-жақты жүргізілетіндігін көрсетті. Жолдау кәсіпкерлер үшін осынсымен құнды.

Ғалымбек ЖАҚСЫЛЫҚОВ,
Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының директоры.

Асыраушы саланың әлеуеті артады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында еліміздің агроөнеркәсіп кешінен дамыту жөнінде бірқатар міндет жүктеді.



Әсіресе, асыраушы саланың әлеуетін толық пайдалану, оның ішінде суармалы жер көлемін 2030 жылға қарай 3 млн гектарға жеткізу керектігін тапсырды. Бұл егіншілік саласы түгел дерлік суармалы жүйеге негізделген Сыр өңірі үшін өте маңызды. Мұндай егістік көлемін 300 мың гектарға жеткізу бағытында нақты іс-шаралар жоспары қабылданды. Қазіргі күні аудандар мен Қызылорда қаласында суармалы жер көлемін нақтылау және игерілмей жатқан бөлігін айналымға қосу шаралары атқарылууда.

Айта кетейік, соңғы 5 жылда облыс бойынша суармалы жер мен қолданыстағы егіс көлемі 25 мың гектарға артты. Оның басым бөлігі мал азығындық, дәнді және майлы дақылдар үлесінде. Суармалы жер аумағын ұлғайту өнім өңдеу көлемін, жұмыс орындарының санын және халықтың табысын арттыруға мүмкіндік береді.

Одан бөлек, Жолдауда ауыл шаруашылығы өнімінің экспорт аясын кеңейту туралы тапсырма берілді. Біздің аймақтан күрші пен ет, балық, бақша өнімдері республикада ғана емес, көрші мемлекеттерде де жоғары сұранысқа ие. Соңғы 5 жыл ішінде Сыр өңірінен экспортталатын өнім саны 18-ге дейін жетті. Импорт ағынын азайтып, экспорт көлемін көбейту шаралары әлі де жалғаса береді.

Сейіпбек НҮРЫМБЕТОВ,
облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы.

Сенат комитетінің төрағасы болды



Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бактиярұлы Сенаттың әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы болып сайланды.

Мұрат Бактиярұлы 1958 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін (1986) тарих-шы, тарих және қоғамдық пәндер оқытушысы мамандығы бойынша; Мәскеу бизнес және ақпараттық технологиялар халықаралық университетінің қаржы және несие факультетін (1999) экономист мамандығы бойынша бітірген. 2008-2011 жылдары Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, 2011 жылдан бері Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты.

«Қызылорда қаласының бас жоспарына өзгерістер енгізу» жобасы 2018 жылы толықтай аяқталып, жобаға қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес кешенді қала құрылысы сарптама жасалынса, «Арай» шағын ауданы мен оған жанасып жатқан саяжайлар массивтерін жоспарлау бойынша жобалау жұмыстары да аяқталған.

Сол жағалауды игеру бойынша да ауқымды жұмыстар атқарылууда. Ондағы құрылыстарды жүргізуге қажетті қаржы мемлекеттік бюджеттен және жеке инвесторлар тарапынан тартылууда.

Құрылыста қарқын жоғары

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Арнұр Нұрмағамбетовтің қатысуымен брифинг өтті, онда салада билығы жартыжылдықта атқарылған жұмыстар сөз болды.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Биыл әлеуметтік нысандардың құрылысын жүргізуге мемлекеттік бюджеттен 9,9 млрд теңге бөлінген. Оған бытырдан өтпелі 12 және жаңа 12 нысанның құрылысы жүргізілуде. Есепті мерзімде 3 нысан пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін 8 нысанның құрылысын аяқтау жоспарланса, қалғаны келер жылға өтеді.

Биыл облыста «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 1862 пәтерді құрайтын 43 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде.

Облыс әкімдігінің бастамасымен «Баламекен» жобасы шеңберінде 100 отбасы «Б.Өтемұратов қоры» жеке қорының қалған 50 отбасы жергілікті бюджет есебінен тұрғын үймен қамтамасыз етіледі деп жоспарлануда. Биыл 1 маусымда 100 пәтерді 50 үй пайдалануға берілді.

Жалпы, биыл барлық қаржыландыру көздерінен 720,8 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру және 299 шақырым инженерлік инфрақұрылым желілерін жүргізу жоспарланған.

Биыл жаңа полигон іске қосылады

Облыста 159 мың гектар суармалы жерді қалпына келтіруге және пайдаланылмай тұрған 29 мың гектар жерді айналдыруға қосу жөнінде 3 жоба жүзеге асуда. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында айтылды.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Ирригациялық және дренажды жүйелерді жетілдіру жобасының екінші кезеңіне Жалағаш ауданының Ақсұм, Бұқарбай батыр, Таң және Мәдениет ауылдық округтеріндегі 15 мың гектар суармалы жер енгізілген. 29 мың гектар суармалы жерді айналымға қосу жобасына енген нысандарды құжаттандыру жұмыстары аяқталып, республикалық меншікке өткізілді. Жоба Азия даму банкінің қарыз қаражаты есебінен 2020 жылы іске асырылатын болады. ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің Су ресурстары комитетінің тапсырмасы бойынша «Суармалы жерлер үшін ирригациялық жерлерді модернизациялау» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленді. Бұл жоба жүзеге асырылған жағдайда инженерлік жүйеге келтірілген суармалы жерлердің 80 проценті қалпына келтіріліп, ауыл шаруашылығының дамуына үлкен септігін тигізетін болады, – делі облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Жұлдызай Айтжанова.

Ал елді мекендерді аяқсумен қамтамасыз ету мақсатында, облыс аумағында иесіз қалған 372 су шаруашылығы нысандары анықталып, 216-ның төлқұжаттары әзірленді.

Баспасөз конференциясында

өңірдегі балық шаруашылығының даму барысы да айтылды. Бүгінде Балық шаруашылығын жүргізу үшін Кіші Арал теңізінің 18 учаске мен 207 көлдің учаскелері тізімге алынған. Оның ішінде Кіші Арал теңізінің 18 учаскесі толықтай және 177 көл конкурстық негізде 5 жылдан 10 жылға дейін кәсіпкерлерге бекітілген. Биыл облыста 7492 тонна балық аулау лимиті бекітілсе, жылдың алғашқы 6 айында 2397 тонна балық ауланды.

Орман шаруашылығы бойынша биыл мемлекеттік орман қоры жерлерінде 11334 гектар орман отырғызу жұмыстары іске асуда. Сондай-ақ орман көлемін арттыру мақсатында 22,6 гектар аумаққа уақытша тұқымбақ жұмысы ұйымдастырылған.

Ал аймақта тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару саласы бойынша 3 бағытта жұмыс жүргізілуде. Биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығында 54036 мың тонна қатты тұрмыстық қалдықтар жинақталса, оның 3248 тоннасы өңделген. Бұл саладағы басты жанабалық жыл соңына дейін жаңа полигонның іске қосылуы болмақ. Аумағы 20 гектарды құрайтын жаңа полигон Белкөл көлінен 4 шақырым қашықтықта орналасқан. Мұнда жылына 60 мың тонна тұрмыстық қатты қалдық сұрыпталатын болады.

Баспаналы болуға асығыңыз!

Облыста тұрғын үй құрылысының қарқыны қарымды. Сырдарияның сол жағалауында салынып жатқан қонқабатты үйлер көз қуантанды. Жұмырда мұнда тағы 240 тұрғын «Нұрлы жер» бағдарламасы арқылы қоныстанбақ. Бұл жағымды жаңалыққа біз «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ облыстық филиалының ұйымдастырған баспасөз турында көз жеткіздік. Банк басшылығы қоңшлықты баспаналы болудың қарапайым шарттарымен таныстырып, үйлерді аралап көрсетті.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Кез келген банк салымшысы аталған бағдарламаға қатысып, осы тұрғын үйлерді сатып ала алады. Өтінші baspana.kz порталы арқылы 28 тамыздан бастап қабылдануда. Бірақ, үй алуға деген қабілетті анықтау үшін жеке есеп-шотта 500 мың теңге болуы шарт. Пулга ең көп балл жинаған адамдар кіреді. Балл саны депозитті толықтыру жиілігіне және оның мерзіміне байланысты, яғни салымшының шоты неғұрлым ерте ашылып, тұрақты түрде толықса, онда оның балл саны да жоғары болады. Есептеу процесі автоматтандырылған әрі айқын түрде жүргізіледі, – деді «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ облыстық филиалы директорының орынбасары Лияс Жұрынов.



Суретті түсірген ШНҰРЖАХАНА

Сонымен, аумағы 57 шаршы метрді құрайтын 2 бөлмелі пәтердің құны 7 980 000 теңге деп есептесек, оның 1 596 000 теңге бастапқы жарнасын жинаған тұрғын ай сайын 44 422 теңге төлейді екен. Ал, құны 9 380 000 теңгені құрайтын 3 бөлмелік пәтердің бастапқы жарнасы 8 жылға ай сайын 52000 теңге болса, кейін төлем

– кез келгеннің арманы. Баспасөз туры барысында әрбір тұрғынның бұл тақырыптан шет қалмайтынын да аңғардық. Фатима Нұрлыбекова солардың қатарында.

Қазір үй алудың жаңа мүмкіндіктері көбейді. Сол үшін қуаныштымын. Ұл-қызымды жеткіздім. Немеңгерімінен үлкен үміт күтемін, балаларыма олардың болашағын осы

балаларға арналған ойын алаңы қарастырылған. Жақын жерден қоғамдық көлік те қатынайды. Алдағы уақытта балабақша пайдалануға беріледі екен, – дейді ол.


Сонымен сол жағалаудың тұрғынына айналуды ойлайтындар басpana.kz порталынан қажетті мәліметтерге қанық бола алатынын жеткізгіміз келеді. Мұнда сіз бағдарламаға

бастап қамдауға көмектескім келеді. Сондықтан осы шарадан тыс қалмауға тырыстым. Қажет мәліметтерді алдым. Үйлердің сапасы жақсы, Себебі, бір үйге қол жеткізу

бастап қамдауға көмектескім келеді. Сондықтан осы шарадан тыс қалмауға тырыстым. Қажет мәліметтерді алдым. Үйлердің сапасы жақсы, Себебі, бір үйге қол жеткізу

«Мектеп – кеме, білім – теңіз»

Қоңыр күздің алғашқы күнінде еліміздің барлық білім беру ошағы оқушыларға есігін айқара ашты. Жаңа оқу жылында облыстағы 293 мектепке 164 500 оқушы келді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 10 мыңға көп. Өңірде 21 мыңнан астам бала мектеп табалдырығын алғаш рет аттады. Олардың саны былтырғыға қарағанда 2500-ге артық.



Байзақ Момынбаевтың есімі берілді

1 қыркүйек – Білім күні мерекесі қаладағы №278 ІТ мектеп-лицейінің оқушылары мен ұстаздары үшін ерекше салтанатпен өтті. Бұл күні мектепке Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, академик Байзақ Момынбаевтың есімі беріліп, бюсті ашылды.

Салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов, Қазақстанның Халық қаһарманы, қазақтың тұңғыш ғарышкері Токтар Әубәкіров, ақын, драматург, мемлекеттік сыйлықтың иегері Иран-Ғайып Оразбаев, әлемнің төрт дүркін чемпионы Илья Ильин және Б.Момынбаевтың ұлы Жомарт Момынбаев, академиктің әріптестері мен достары, шәкірттері қатысты.

Салтанатты шарада облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов оқушыларды айтулы мерекемен құттықтап, білім нысанына есімі берілген Байзақ Момынбаевтың еңбек жолы мен ғылымдағы қолтаңбасына тоқталды.

– Бүгін – аса қуанышты күн. Бірінші сынып оқушылары алғаш рет мектеп партасына отырып, жаңа өмірге қадам басуда. Соңғы бірнеше жыл ішінде білім беру жүйесі әлемдік үдеріспен өсуде. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев жақында өткен республикалық тамыз конференциясында білім сапасын жоғары деңгейге шығаруды, ұстаз мәртебесін көтеруді жүктеді. Жаңа оқу жылында Президент тапсырған міндеттерді орындау біз үшін аса маңызды. Осы орайда мектептерді заманауи технологиялармен қамтамасыз ету, мұғалімдерді әлеуметтік



жағынан қолдау назардан тыс қалмайды. Бүгінде облыс көлемінде апатты жағдайдағы мектептер мәселесі түбегейлі шешілді. Саланы дамытуға бағытталған жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын таба береді.

Еліміздің білім және ғылым саласына зор үлес қосқан академик Байзақ Момынбаевтың есімі осы білім ұясына беріліп, бюсті ашылды. Осы жылына қатысты отырған ұлтымның мақтанышына айналған тұлғаларға зор алғысымызды білдіреміз, – деді.

Байзақ Көпирбайұлы 1946 жылы 1 тамызда Қызылорда облысы Сырдария ауданы (қазіргі Шиелі ауданы), Бірлестік қолхозында дүниеге келген. Ол – елімізде отандық инженерлік-педагогикалық білімнің негізін қалаушы, техника ғылымдарының кандидаты, доцент, ТМД елдері арасында инженерлік педагогика саласы бойынша ғылым докторлығын тұңғыш болып қорғаған ғалым. Ресей, Қазақ білім академияларының академигі, ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі. 2007-2011 жылдар аралығында өзі туып-өскен Сыр еліндегі Қорқыт ата атындағы ҚМУ ректоры болды.

Шарада академиктің достары – қазақтың тұңғыш ғарышкері Токтар Әубәкіров, ақын Иран-Ғайып және шәкірті, төрт дүркін Әлем чемпионы Илья Ильин сөз алып, марқұмның балалық шағы, адам болмысы, ғалымдық ұстаздық жетістіктері туралы естеліктер айтты. Ал ғалымның ұлы Жомарт Момынбаев әкесінің еңбегін бағалап, кейінгі ұрпақ есінде сақтау мақсатында оның есімін білім ошағына беруге қолдау көрсеткен айтақ басшылығына, ниеттес

азаматтарға алғысын айтты. 2017 жылы ашылған, өзі жетекшілік ететін «Академик Б.Момынбаев атындағы» қордың осы мектепте мамандандырылған білім жобаларын қаржыландырып келе жатқанын, алдағы уақытта да көмектесуге әзір екендігін жеткізді.

Айта кету керек, 2015 жылы пайдалануға берілген оқу ордасы білім сапасы жағынан алдыңғы қатарда келеді. Жаңа оқу жылында 180 бүлдіршін 1-сыныпқа қадам басса, өткен оқу жылында 21 оқушы мектеп бітіріп, оның 14-і грант иегері атанды.

Салтанатты шарада Байзақ Көпирбайұлының бюсті ашылып, академиктің рухына тағзым етілді, гүл шоқтары қойылды. Бірінші сыныпқа қадам басқан бүлдіршіндер құрметіне ән-биде шапу шашылып, алғашқы қонырау соғылды.

Жүзден аса оқушы 1-сыныпқа барды

Жаңа оқу жылында облыс орталығындағы М.Сужиков атындағы №6 орта мектеп табалдырығын 116 оқушы аттады. Алғашқы қонырауға арналған салтанатты жиынға облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Талғат Маханов қатысты.

Жиында Талғат Толыбайұлы барша ұстаздар мен оқушыларды айтулы мереке – Білім күнімен құттықтады.

– Жаңа оқу жылы барлық оқушы үшін ерекше сәт, мектепке қадам басқан бүлдіршіндер үшін аса маңызды. Қазіргі кезде елімізде жүргізіліп жатқан саяси

бағыттағы шаралардың барлығы адам құқықтарын дамыту мен жаңа форматтағы тұлғаларды қалыптастыру мәселесіне ерекше басымдық беріп отыр. Сондықтан жаңа дәуірдің жарқын тұлғаларын тәрбиелеуді бүгіннен бастауымыз маңызды. Бүлдіршіндердің тәрбиесі мен білімінің жемісі жаңа қазақстандықтардың қалыптасуына серпін береді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жақында өткен тамыз конференциясында ұстаз мәртебесін дамыту, білім саласындағы реформа нәтижесі туралы нақты тапсырмалар берді. Біз осыған күш салуымыз керек. Ұстаз мойнындағы жүк ауқымды, – деді ол.

Білім күнінде Жарасқан ақын айтпақшы, шағын портфелимен даярға алғашқы жүгін өмірдің аркалап бара жатқанын сезбесе де, бала көңілдері елендеп, жаңа ортаға қадам басқандардың қарасы қалың. Биыл мектептің даярлық тобына 70 бала қабылданды, жалпы оқу жылында бұл мектепте 944 оқушы білім алатын болады. Оларды 105 мұғалім қарсы алады. Сондай-ақ, жексенбі күні барлық сыныпта «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

Түлектері түгел оқуға түсті

Білім күнінде облыс орталығындағы Ж.Нұрманов атындағы №198 орта мектепте «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» атты мерекелік жиын өтті.

Мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндерді қарсы алған ұстаздар, білім ордасының ұжымы жиынды ән-күймен көмкерді. Білім ордасының ар-

дагер-ұстазы Марк Подольский ұстаздар мен шәкірттерді жаңа оқу жылымен құттықтап, сәттілік тіледі.

Биыл 164 бүлдіршін бірінші сыныпқа қабылданған. Бала санының жыл сайын көбеюіне орай мектеп жанынан 200 орынға арналған қосымша ғимарат салынып, жақын күндері пайдалануға берілмек. Мұнан бөлек, 3 спорт алаңы да дайын.

– Жаңа оқу жылының ерекшелігі, бірінші сыныпқа келетін балалардың құжаты электронды түрде қабылданды. Сонымен қатар, бірдей форма киді. Өткен жылы мектепті 63 түлек бітірсе, 100 процент оқуға түсті. Олардың тең жартысы Ресейдің жоғары оқу орындарының грант иегері. Бұл – ұстаздар үшін үлкен қуаныш. Тағы бір атап айтарлығы, мектеп мұғалімдерінің 30 проценті осы білім ордасының түлегі. Өзім де осы мектеп түлегімін, – дейді мектеп директоры Анжела Садықбекова.

Білім күнінің қуанышы

Білім күнінде Қызылорда қаласындағы №9 мектеп-гимназияда «Сыңғырла, сазды қоңырау, Мәңгілік ел көңіліде...» атты мерекелік жиын өтті.

Мұнда да білім ұясына алғаш қадам басқан өз шәкірттері мен ұстаздар легі жаңа мектеп табалдырығын аттаған балалар қуанышына ортақтасқан ата-аналардың қалың шоғырын байқауға болады. Сонымен қатар, шараға арнайы келген қалалық спорт бөлімінің басшысы Семсер Сыздықов мектеп оқушылары мен мұғалімдеріне алдағы оқу жылына сәттілік тілеп, құттықтауын жеткізді.

– Қаламызда жылдан жылға оқушы саны артып келеді. Еліміздің дамуы үшін олардың оқуы, танымы мен тәрбиесі жақсы болуы тиіс. Мемлекет қолдауымен білім саласында айтарлықтай оң жаңалықтар орын алып жатқаны өздеріңізге белгілі. Білім мен тәрбие беруде ұстаздар қауымына толайым табыс, үлкен жетістіктер тілеймін, – деді ол.

Мектеп директоры Батырбек Әбиевтің айтуынша, биыл мектеп-гимназияда 1570 оқушы білім алатын болса, оның бірінші сыныпқа қабылданғаны – 176. Ал 120 мұғалім қызмет ететін білім шаңырағы екі тілде де оқушыларға дәріс береді.

Алғашқы қоңырау шарасы барлық аудандық мектептерде де салтанатты жағдайда аталып өтті.

«СБ» тілшілер тобы.

Жаңа аудан жанданып келеді

Күздің алғашқы күндерінің әсері бөлек. Жаңа оқу жылы басталғаны айналаны ерекше көрініске бөлейтіні рас. Арманшыл студент-жастар, мектепке асыққан оқушылар, білім ордасының табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндер мен шәкіртін қарсы алған ұстаздың да қуаныштан жүзі бал-бұл жайнайды.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Аймақта мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндер саны жыл сайын артып келеді. Бұл көбею көрсеткішімен қатар, білім ордасына сұранысты арттырып отыр.

«Облыста биылғы жылы 165 мыңға жуық бала мектепке келсе, оның ішінде бірінші сыныпқа 22 мыңға жуық оқушы барды. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 2500-ге көп. Өңірдегі сұранысқа сай жаңа мектептер салу жыл сайын жүзеге асуда.

Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының берген мәліметі бойынша биыл бірнеше жаңа білім ошақтары пайдалануға берілмек. Атап айтқанда, Арал ауданы Сексеуіл кентінде №23 мек-

тепке жапсарлас қосымша 100 орындық ғимарат, Қызылорда қаласындағы №198 орта мектеп жанынан 200 орындық қосымша құрылыс және Әл-Фараби шағын ауданындағы №261 мектеп жанынан 150 орындық мектеп ғимаратының құрылысы жүруде. Мұнан бөлек, қаламыздағы Жаппасбай батыр көшесінің бойынан 600 орындық жаңа мектеп салынады.

Мұндағы жұмыс барысын көру үшін құрылыс ұясына бардық. Көпқабатты үй арасынан жаңа құрылыс мәнмұдалайды. Жан-жағы қоршалған құрылыс алаңында жұмыс қарқынды жүруде. Ғимараттың шатырын қауға дайындық жұмыстары басталыпты. Ал ғимарат ішінде біраз жұмыс еңсерілгені байқалады. Терезелер толық салынып, жылу жүйелері жүргізілген. Жоғары қабатта әктуе-сырлау



Суретті түсірген ШИҢҰЖАҚБАЙ.

жұмыстары жүруде. Құрылыс алаңында гүрілдеген техникалар бір сәтке тыным таппайды.

Құрылыс салуды жауапкершілігіне алған бас мердігер «Ария-Жаңа Астана» ЖШС өндірістік-техникалық бөлімінің инженері Мұхтар Қалдырбек құрылыс жұмысының басым

бөлігі еңсерілгенін айтты.

– Құрылыс жұмысы 70 процент орындалды. Енді ғимараттың ішкі жұмыстары жүргізіледі. Қыркүйек айында ғимарат алаңын абаттандыру басталады. Құрылыс жүргізу барысында бірінші отандық өнім пайдаланылды, – дейді ол.

«Жаңа мектеп қазан айында пайдалануға беріледі деп жоспарланған. Айта кетелік, жаңа ғимарат құрылысының аяқталуын асыға күтіп жүргендер аз емес. Соңғы жылдары осында қаз-қатар салынған көпқабатты үй тұрғындары балаларын жақын маңдағы мектептерге тасымалдайды. Мұндағы оқушылар КБИ және «Шұғыла» шағын ауданындағы мектептерде оқыса, енді алысқа бармай-ақ, өз шағын ауданындағы жаңа мектепке баратын күн алыс емес.

– Балаларым «Шұғыла» шағын ауданындағы мектепке катынап оқиды. Кейде оларды күтіп алуға уақыт болмай қалады. Енді, міне, дәл үйдің жанынан мектеп салынып жатыр. Қуанышымызда шек жоқ. Жаңа баспана, жаңа мектеп. Өзім қатты қуанып жүрмін, – дейді көпбалалы ана Сәуле Жалбырова.

Оқырман ойы

Әр күнін қуанышпен өткізіп, алдағы күндерге үмітпен қарайтын ырымшыл халықпыз. Облыс орталығындағы №140 Абылайхан атындағы орта мектеп ұжымы жаңа оқу жылын қарсы алды.

Шәкірттері білім шыңында

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұстаздардың мәртебесін, тұрмыс жағдайын жақсартуды бірінші орынға қойып, оқу жүйесіне ауқымды өзгерістер енгізуді талап еткен жаңалық болды. Бұл – 1150 шәкірт білім алатын, 100 ұстаз еңбек ететін іргелі мектеп. Білім ұясында сабақ беретін ұстаздардың 65 проценті жоғарғы санатты мұғалімдер екен.

Мен осы мектепті іргесі қаланғаннан білемін. Соған бері оқу орнын талай білікті жандар басқарып, шәкірттері білім шыңынан көрінді. Бұл мектеп жеке

өзіме ыстық көрінеді. Үлкен немерем Қорған осы мектептен орта білім алып шыққан еді. Жақында Алматыдағы Қ.Сәтбаев атындағы университетті бітіріп, елге жоғары білімді маман болып оралды. Ал, кіші немерем Орман биыл ғана осы мектептің түлегі атанып, жоғары оқу орнына түсті.

Қысқасы, биылғы жыл бұл мектеп үшін де, ұрпағымыз оқыған біз үшін де қуанышты жыл болмақ.

Өтеген ЖАППАРХАН,
Қазақстанның құрметті журналисі,
Қызылорда қаласының құрметті азаматы.

Қасиетті өңірде есімін қарт тарихымызға алтын әріппен жазып кеткен аруақты бабаларымыз аз емес. Жанқожа батыр, Ақтан батыр, Жетес би, Бекмырза хан... Осылай жалғасып кете берсін.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.



ТАҒЫМ

СЫР ЕЛІНІҢ «БАЙЖАНБАЕВЫ»

Қауарланғанда арыстандай ақырып, көңілденгенде күңдей шуақ шашатын едің-ау, қайран ағам!
Иә, ол сондай ғажайып жан еді. Шын ашуланатын, шын күліп, шын көңілденетін. Шынайылықтың жарқын көрінісін Алла тағалам Бақтыбай-Бахон бауырыма аста-тоқ бере салған. Менен бірер жас қана үлкен ағамыз студенттік шағымызда бізден әжептәуір ересек көрінетін. Алғашқы жүздескен жан оның үйім-түйім қабағынан тосырақ, тезрек оның жанынан кетуге тырысатын. Кездескенде мен де сондай күйде болдым.



көкеміз жақсы көретін.

Қара бұйра шашы кең иығына төгілген еңсегей бойлы ол маған жақтырмағандай көздерінен жылт-жылт ұшқын шаша қарады. Іштей тітіркенсем де сыр бермедім. Осы жерде мына мәселені айта кетейін. Мен әу баста жұрдақтың сырттай бөлімінде оқыдым. Оның-шыны бітіре салып сырттайға амал жоқтықтан түссем де, кейін бұл тағдырыма қуандым. Себебі өмір-мұхиттың жал-жал толқындарында «жүзуді» үйрендім, нағыз қияндықтармен бетпе-бет келіп аудандық газетте журналистиканың тәжірибе жүзінде әліппесін менгердім. Әскерге де барып шынығып, нағыз ерек болдым. Міне, осындай мектептерден өтіп Бақтыбай ағам оқитын күндізгі бөлімге ауыстым. Бақтыбай ағаммен таныстырған бөлмелес ағам Ғалым еді.

Қара бұйра шашы кең иығына төгілген еңсегей бойлы ол маған жақтырмағандай көздерінен жылт-жылт ұшқын шаша қарады. Іштей тітіркенсем де сыр бермедім. Осы жерде мына мәселені айта кетейін. Мен әу баста жұрдақтың сырттай бөлімінде оқыдым. Оның-шыны бітіре салып сырттайға амал жоқтықтан түссем де, кейін бұл тағдырыма қуандым. Себебі өмір-мұхиттың жал-жал толқындарында «жүзуді» үйрендім, нағыз қияндықтармен бетпе-бет келіп аудандық газетте журналистиканың тәжірибе жүзінде әліппесін менгердім. Әскерге де барып шынығып, нағыз ерек болдым. Міне, осындай мектептерден өтіп Бақтыбай ағам оқитын күндізгі бөлімге ауыстым. Бақтыбай ағаммен таныстырған бөлмелес ағам Ғалым еді.

Сонау жылдары Арал теңізінің суы шалқып жатқанын Бахоннан еститінбіз. Ол кездері бос уақытымызда сырханаға тартып кететінбіз. Бахонның ауылдан әкелетін қаяз балығының дәмі әлі де таңдаймыз. Сырханадағы көршілеріміз бізге қызыға қарап қоюшы еді. Жетпісінші жылы оныңшыны бітіріп «Аралтұзда» екі жылдай жұмыс істеген Бахон ағамның дауыс мөнері зор болатын. Ғалағанның «Арыстаным» деп айтатындай бар. Кейін университет бітіріп, Қазақ радиосында бір-жыл жұмыс істегенде оны жұрт «Сыр елінің Байжанбаевы» деп атайды екен.

Оның жазуы өдемі де маржандай тізіліп тұратын. Өнерлі еді. Сурет салатын. Шәмшінің әндерін қоныр дауыспен айтып, қанда жаның жадырап рахаттанып қаласын. Әрине, базби-реулер сияқты байсаубет дарақылап айта бермейтін. Көңілденгенде, шабыттанғанда, кеу-кеулегенде шырақтайтын келіп. Университет газетінің мәктөп сыйып, редакциясының мүшесі болды. Ұрандарды, плакаттарды ерінбей жазып көзге көрінген соң ба, оны Қожакеев

Өзі туралы, аяғының кемістігі жайлы айтуды аса жақсы көретін. Бір рет қана сырханада екеуден-екеу отырғанда аңғимен реті келіп сұрап қалдым. Алдында ғана арқа-жарқа әңгіме айтып көңілденіп отырған Бахонның қабағы түйіліп, бір нүктеге қадала қарап сұқ отырып қалды. Сөзден соң ғана барып аздап серпілді де:

– Оның несің сұрайсың? Бұл менің өмірлік трагедиям ғой. Ешкімнің басына бермесін. Бес-алты жасымда жабысқан кесел аяғымда қалып қойды. Біреулер айтты: «Көз тиген» дейді. Кішкентайымда тын пысық болыпты...

– Әй, сары бала, үйге жүр. Шай ішіп кет. Келіп, қонақ болу деген бір ойыңа келмейді ғой өзі, – деп ағалықпен базынасын айтқанда ұялып қалатынмын. Қаншама жылдар өтті, әй, пендеміз ғой. Жерлес болып бір-біріміздің үйімізде қонақ болып көрмейсіз. Ағамыз бұл пәниден өткенде ғана көңіл айттып барып Сұлу жеңешеммен танысып, қыздарын, балаларын көрдім. Жеңешем ақжарқын кісі екен.

Бақтыбай ағамның иман жолына түсіп, намаз оқуына, қажылыққа баруына осы жеңешемнің ықпалы бар ма деп ойладым. Дегенмен де ағамның осы имани жолға түскеніне қатты қуандым. Қажылыққа барғаны туралы жүректен жазған репортажын оқып шықтым. Әдемі жазылыпты. Айтпақшы,

Белгілі журналист, қаламгер, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері Бақтыбай Смағұлұлы Бердібаевтың жылдық асы 2019 жылдың 5-қыркүйегінде сағат 13:00-де «Ақмешіт-Сырдария» мешітінің асханасында беріледі.

біраз жылдардан кейін Бахонды көргенде танымай қалдым. Баяғы арқасын жауып тұрған шаш жоқ. Басының алдыңғы жағы тақырланып, кен маңдайы жарқырап байсалды қартқа айналды.

Студенттік шақтың қырық жылдығын тойлағанда Бақтыбай ағамыз да келді. Басында тақиясы бар салықалы кейіпте еді. Көп үндей бермейді. Орныммен сөйлейді. Екеуміз қатар отырдық мейрамханада. Баяғы әдетпен жастық қиянқы шақтарын еске түсіргілері келді ме, курстастарымыздың кейбіреулері қиянқұрыстық жасағанда әдетте қызулана орнынан арыстандай ақырып тұратын ағамыз жымиып қана отырды. Таңданып отырдым. Той, кездесу аяқталғанда ағамды тәксіге отырғызып жібердім.

– Қызыма барып, кешке пойызға отырма, – деді ол менімен қолтасарла.

– Үйге жүрсеніңіз. Кім білсін енді кездесеміз бе, бір Алла біледі ғой, – дедім де тілімді тістедім. «Жаманның айтқаны келмейді, сандырақтағаны келеді» дегендей менің айтқаным келді. Көп ұзамай ағамыздан айрылды. Күрсіндік. Көзге жас келді. Құран оқып, бет сипалдық. Басқа ештеңе қолдан келмейді. Ағамыздың жатқан жері жайлы, иманы саламат, жаны жәннатта болуын Алла тағалам нәсіп етпей! Әмин!

**Ертай АЙҒАЛПУЛЫ,
ҚР Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі,
«Қазақстан дүздірі» газетінің бас редакторы,
Алматы қаласы.**

Сартай батыр әрі би болған



Осындай халқы кастерлеген аруақты бабаларымыздың бірі – Сартай Байжанұлы. Батыр бабымыз бен жауынгер серіктері жайлы түсірілген «Жаужүрек мың бала» фильмінің көрмегендер кемде-кем шығар.

Мақаланы жазу барысында біршама уақыт бұрын қазалық шежіреші ақсақал, бұл күнде марқұм болған Өмірзақ Ахметовпен тілдескенім есіме оралды. Көкірегі асыл көмбе, шежіреге толы көкеміздің өзі өмірден өткенмен соңында қалдырған асыл сөздер (бүгінгі мақала да кезінде Өмірзақ көкеміз айтқан деректерге сүйеніп жазылғанын атап кету ләзім) көмескі тартқан жоқ. Өмекенмен сұхбаттасқанда атамның үйінде ел арасында айтылған шежіре, аңыз, әңгіме сақтаулы тұрғанын білдім. Сол сапарда шежіреші қариядан Сартай батыр жайлы төмендегі деректі естідім.

– Нұрмағамбет Қосжанұлы «Сартай батыр» атты дастан жазды. Қомақты дүние. Егер, кемшін тұсы болса сол тұстағы саясаттың салдары кімді. Менің әкем Ахмет зерделі, көкірегі ояу адам еді. Сартай батырымызмен қоса әділ би болған. Қашанда елдің мәселесі көтерілсе тартынып қалмапты. Сол тұста он сегізге шыққан балаң жігіт екен. Жас та болса сұңғылалығымен ерекшеленіпті. Үш жүздің дауында іркілмей сөйлеп, небір шешендерді тоқтатыпты. Мінезі қорғасындай салмақты, жаратылысынан зерделі, алғыр болып туған.

Сартайды халық әулие де санаған. Жанқожа батырдың жасағы Райым көтерілісінен жеңіліс табады. Әскері мол, қару-жарағы басым орыс отаршылдарынан атақонысты азат ету жолында өз баба сарбаз жинауға кіріседі. Осы мақсатта «Бәріміз мұсылманбыз, жерімді тазалайық», жеріңді хат жазып Бекмырзаны басы қылып Хиуаға жіберіпті. Олар аман-есен жетіп, ханмен кездеседі. Хиуа ханы әскер беремін дегенмен нақты күнін айтпапты. Сөзін күмілжіңкіреп, шұбалаңқы жеткізіпті. Бекмырзалар елге қайтады. Жол-жөнекей ошаулау жердегі үйді көріп, хабарлас қылыпты. Бұл Бабажанның баласы Майқара бектің үйі екен. «Ежелгі дұшпан ел болмас». Әкесі зылым Бабажан Сыр батырларының қолынан өлгені белгілі. Майқара сырын-жымын білдірмей, жылмаң қағып қарсы алады. Қазақтар сусын ішіп жатқанда Майқара сыбысын сездірмей сыртқа шығып, төрт аттың терлігіне у жағалды. Бесіншісіне шала-пұла жағып үлгерді. Бұл Бекмырзаның аты екен. Көп ұзамай у термен денеге жайылады. Арыстай төрт азамат табан астында қаза табады. Бекмырза қатты сырқаттанып елге жетеді. Өз бабаға болған жағдайды айтады.

– Апырмай, қиын болды-ау. Сен Сартай би, Қосым қожа, Дәулет бақсанның қабіріне түне. Хабарын берер, – депті Жанқожа батыр. Бекмырза аруақтарға зиярат қылыпты. Түсіне ат жақты, бидай өңді, келбетті адам өніпті. Күнненген даусымен «Оу ко-

жалар, бақсылар. Бастарыңды көтеріңдер. Бекмырза жәрдем сұрап тұр. Мәнісін түсіндіріңдер. Көмек жасаңдар» деп дауыстапты. Дегенмен ешқандай белгі байқалмапты. Бұл Сартай екен. Бекмырза шашып ояныпты. Елге оралып, Жанқожа бабаға көрген түсін жеткізіпті.

Сонда Жәкем: – Өттен-ай, қамын жасаған жөн болар, – десе керек.


Ұзамай Бекмырза дүниеден озыпты. Сартай батыр о дүниеге аттанар алдына ағайындарына «Мені Қосым қожа мен Дәулет бақсанның жанына қойыңдар» депті. Өсиеті бұлжымай жүзеге асты. Міне, Сартайдың әулиелік қасиетіне бір дәлел осы» деген Өмекен терең ойға шомған еді.

Ал мына оқиғаны Сағынған қажы Жақыптан естіген едім. Оның бесінші атасы Пірімжар Сартай батырмен дос болыпты. Пірімжардың өзі оқымысты, ғұлама адам екен.

– Сартайдың үлкейген шағы. Бірде би Пірімжарға хабар жіберіпті. «Біз қартайып келеміз. Қосым бабаға түнеп, мәңгілік мекен сұрайық. Мені Діннің басында құт» десе керек. Уәделі мерзімде Сартай да жетіпті. Екеуі сапарға шығыпты. Жолда Жанқожаңың әкесі Нұрмағамбеттің үйіне соғалды. Батырға сапарының мәнісін айтты. Жайланып болып, жүргелі жатқанда жас Жанқожа «мен де барайын» деп өтініш білдірген екен. Әкесінен рұқсат алып үшеуі бірге аттанды. Қосым қожаның қабірінің басына түнепті. Бәрі де аруақты жандар. Түнде Сартайдың түсіне енген Қосым баба «Сенің орның сақтаулы. Десе де, қиын кезеңде үзілесің. Жете алсаң жарар еді» депті. Би «Сүйегім жетсе қабылдайсың ба?» деп сауал қояды. Сонда Қосым баба «Әрине, мекеннің дайын» десе керек. Пірімжардың түсіне кірген жоқ. «Сенің орның мұнда емес. Мекенің өзін Сартайды күткен жерде. Сол төбені белгілеп, қазық қақ» дегенге ұқсайды. Ал, Жанқожа батырға «Сен әлі жасысың. Елге қажетсің. Алайда түнгің түбінде көрші болармыз» депті. Берілген аян орындалыпты.

Сартай би жолға шығар алдында түісіеі боталаған екен. Бота атанға толған кезде Сартай дүниеден озыпты. Күн қатты ыстық екен. Батырдың сүйегін өгіздің терісіне орап тігіп, сол атанмен жеткізіпті. Қосымның жерленіпті. Пірімжар болса Қосымның зиратынан оралған соң немересі Бекмембетпен бірге Діннің төбесіне көтеріліпті. Өзіне аян болған Сартайды күткен жеріне қазық қағыпты. Уақыт өте Пірімжар да қайтыс болады. Белгіленген жерді ашса астында қақпақ тас жатыр. Тасты аударған қабыршылар қазулы тұрған лақатты көреді. Дайын қабірге жерлеп, қақпақ тасты қайтадан жауып қойыпты. Жанқожа бабаның зираты Қызылқұмда жатыр. Қосым баба, Дәулет бақсы бәрі де көршілес аймақтан мәңгілік мекен тапты. Қалайша таңданбасың? – деп Сағынған қажы тебіренген еді. Иә, қазақ даласының әрбір сүйемі киелі екені даусыз.

Балаңыз бақылаусыз қалмасын!



Терезеден құлау - әсіресе қалаларда, балалар жарастырылған және өзінің негізгі себептерінің бірі болып табылады. Балалар табиғи қызығушылықтан ашық терезе алына қуаң кәтерге бейім болып кетеді.

1. Егер үйде бала болса, ешқашан терезені ашық қалдырмаңыз! Сіз жанында деп ойлағанмен, өз назарыңызды басқа нәрсеге аударған бір сәтте, бала өмірін ұзу мүмкін!
2. Ешқашан да антимоскитті торларды қолданбаңыз – балалар оған сүйенеді де, сыртқа ойымен бірге құлайды!
3. Ешқашан балаларды қараусыз қалдырмаңыз!
4. Балаларға терезеге жақын орналасқан жерге немесе басқа жерлерде ойлауға ерік бермеңіз.
5. Бала өзінің терезені ашу үшін, терезеніңізге бұғаттау құралдарын орнатыңыз!

Балалардың терезеден құлауы көп жағдайларда ата-ананың жауапсыздығынан немесе қауіпсіздік ережелеріне нұқсан келтіретін болып жатады. Оң-солын танып үлгермеген балаға ата-аналар жауапкершілікпен қарап, абай болуы керек.

Кішкентай балаларға терезенің ар жағы қызық. Әр ата-ана оның балаларға ойыншық емесін ұғындыру керек. Екі жасқа дейінгі баланың бойы терезеге жетпесе, екі-үш жасқағы баланың терезеге көтеріліп көшеде болып жатқан жағдайды қызықтауға шамасы келеді. Қазіргі терезелердің көбі шыбын-шіркейден қорғайтын тор перделермен жабылған. Бұл шыбын-шіркейден қорғанғымен, баланы құлап кетуден сақтай алмайды. Мұндай торлар балалардың салмағын көтермей жұртылып кетеді.

Өткен жылы Қызылорда облысында 1-10 жас аралығындағы 4 бала терезеден құлап, ауруханаға жатқызылған.

Биыл маусым айында Қызылорда қаласында 2 жасар бала абайсызда төртінші қабаттан терезеден құлап, қаза болды.

Ата-ана үшін үлкен қайғы – баласын жоғалту. Сондықтан әрбір адам шыбын-шіркейден қорғайтын тор пердені қолданбау жағын қарастырып, мүмкіндік болса, терезені жоғары, баланың қолы жетпейтін бөлігіне шыныяр ілгек орнату керек. Терезенің тұтқасын мүлде алып тастау керек немесе кілтпен ашылатын тұтқа орнату қажет. Қауіпсіздік пен сыртқа көркемдікке арналған арнаулы құлып-қоршау қолдану сынды сақтық шаралары да балаларыңызды оқыс жағдайдан құтқаратынын анық.

Жалпы, кішкентай балалар тыптыныш бола қалса, бірденің бұлдіріп жататынын білгізедер. Баланың психологиясы сондай. Сондықтан да ата-аналар жайбарқақ отырмай, олардың не істеп жатқанын сәт сайын қадағалау керек.


Облыстық төтенше жағдайлар департаменті.

Қызылорда облысы бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты 3К-169/1 мекемесінде шаруашылық қызметіне қалдырылған сотталғандар арасында спорттық ойынның 7 түрін сайыс апталығы өткізілді.

Салауаттылық апталығы

Мұндай шараны ұйымдастыру сотталғандардың түзеу мақсатына қол жеткізуге ықпал ететін салауатты өмір салтын ұстануға, моральдық-психологиялық ахуалдың дұрыс бағытта бетбұрыс жасауына пайдалы болатынын анық.

Спорттың дойбы, шахмат, кіші футбол, қол күресі, турникке тартылу сияқты түрлерінен сайысқа түскен сотталған азаматтар тартысты өнер көрсетіп, өз қарым-қабілеттерін жан-жақты байқата білді. Айта кетер болсақ, шахмат ойынында қарсыластарын түгел ұтқан О. шапшаң ойлығымен көзге түссе, қол күресінен шымыр денелі З. өз қайратын көрсетіп 1-орынды жеңіп алды. Сондай-ақ турникке тартылуға А. озық шықты.



ша командалар тамашалаушылардың көңілінен шықты. Сайыс апталығының қорытынды кезеңінде жарыс жеңімпаздарына мекеме бастығының қаулысымен «Алғыс» жарияланды.

Мұндай шаралар алдағы уақытта да жоспар бойынша өз жалғасын табады.

Облыс бойынша ҚАЗ департаменті, 3К-169/1 мекемесі.

Нұрлансын аяттармен қабіріңіз

Адам баласына мәңгі өмір берілмеген. Кеше ғана арамдыда жүрген ардақты әкеміз, немерелерінің сүйікті атасы, аяулы жар Әділбеков Асқар Қалиұлының бұл фәниден озғанына бір жылдың жүзі болды.

Асқар Қалиұлы 1962 жылдың 17 қазанында Жаңақорған ауданы, Томенарық ауылында дүниеге келген. 1984 жылы Н.В.Гольд атындағы Қызылорда пединститутын бітіріп, физика және математика пәні мұғалімі мамандығын иеленген. Талай шәкіртті білім нәрімен сусындатып, қанаттандырып, үлкен өмірге жолдама берді. Одан бөлек, ардақтымыз қалалық әкімдіктің құрметіне салысында абыройлы қызмет атқарып, халықтың әртүрлі, ыстық ықыласына бөленді. Үзілген өмір қабырғамызды қатты қайыстырды. Ағайын-туысына жаныңар, қамқор бола білген жаныңар жоқтығы жанымызды күзлетті. Күннің нұрғандай сәулесі шашып, өзі жүрген ортасында сабырлы кейіпін айнамайтын аяулы жанымыз отбасымыздың берекесі еді.



Жыл толды асқар тауым құлағалы, Жыл толды жүрегіміз жылағалы. Бағыштап тұру екен Құран-Кәрім, Қайғыны азайтудың бір амалы. Тірлікте текті болса заты нағыз, Жасыңын қайтқаннан соң аты да аңыз. Қос ұлы – қонысында қанат жайған, Асына әкеміздің шақырамыз, – дей отырып, Асқар Қалиұлының жылдық асы осы жылдың 7 қыркүйегінде сағат 12.00-де орталық «Ақмешіт-Сырдария» мешітінің асханасында болатынын барлық ағайын-туыс, құла-жекежат, жора-жолдас, қызметтес кісілерге хабарлай отырып, қасиетті құранның шінде болуға шақырамыз.

Еске алушылар: ата-анасы, зайыбы, балалары.

«Бастау» жобасы бойынша хабарландыру

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы 2019 жылдың 06-07 қыркүйегінде «Бастау» жобасы бойынша тегін оқу курсына қабылдау үшін тестілеу өткізілетінін хабарлайды. Жоба қала/аудан тұрғындарын кәсіпкерлік дағдыларына оқытуға бағытталған. 18 жасстан бастап зейнеткерлік жасқа дейінгі жұмыссыз азаматтарды, өз бизнесін ашықысы келетін жұмыссыздарды, сондай-ақ бизнесті кеңейтуге мүдделі, жұмыс істейтін кәсіпкерлерді (3 жылға дейінгі) оқуға шақырады.

Жобаға қатысу үшін тестілеуден өту қажет, оның нәтижесі бойынша топқа іріктеу жүргізіледі.

Толық ақпаратты кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы: Қызылорда қ. Желтоқсан көшесі, 12, телефон: 8/7242/400981, 400202 немесе www.atameken.kz сайтынан алуға болады.

Хабарландыру

Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 28.08.2019 жылғы уйғарыммен «K-Group Credit» Микрофинанс ұйымы» (BCH 091140015684) ЖШС-на банкрот рәсімін жүргізу бойынша азаматтық іс қозғалғандығын хабарлайды.

Қозғалған азаматтық іс бойынша талап-арыздар мен пікірлер мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29.

